

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БАСЫЛЫМ

БІЛІМ ЖОЛЫ НҰРЛЫ ЖОЛ

Ақпан айы 2024 жыл | № 02 (52)

**Білім беретін, ғылыми,
танымдық, жарнамалық басылым**

МББ аты: «БІЛІМ ЖОЛЫ НҰРЛЫ ЖОЛ» журналы

МББ тілі: қазақша, орысша, ағылшынша

Шығу жиілігі: айына 1 рет Тарату аумағы: Қазақстан Республикасы

Меншік иесі: «Қаламгер ТЕН» ЖШС Алматы қаласы Бас редакторы: Нагиев И. Б.

Негізгі тақырыптық бағыты: білім беретін, ғылыми, танымдық, жарнамалық

«БІЛІМ ЖОЛЫ НҰРЛЫ ЖОЛ» журналына жарияланған ақпараттардың
авторлық құқы ақпарат авторына тиесілі, редакция жауапты емес.

Жарияланған ақпарат авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

Журнал ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген.

Куәлік № KZ37VPY00015077. Нұр-Сұлтан қаласы. 19.09.2019 жыл

Тапсырыс: 562 Таралымы: 3000 дана.

Журнал «Қаламгер ТЕН» ЖШС баспаханасында басылды.

Алматы қаласы – 2024 жыл Телефон: 8 777 055 0590

ЖАҢАША ӘДІС - ТӘСІЛДЕРМЕН ОҚЫТУМЕН БІРГЕ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚҚА ТӘРБИЕЛЕУ

КАЗТУРГАНОВА БАЙРАМГҰЛ БАЙМУРАТОВНА

Бастауыш сынып мұғалімі

*Маңғыстау облысы Мұнайлы ауданы
«№7 жалпы білім беру мектебі» КММ*

Қазіргі заманғы қоғамда адамнан тек политехникалық білімді болуын талап етіп қана қоймай, жоғары деңгейдегі мәдениет пен ғылым мен техниканың түрлі салаларында терең мамандануын ғана емес қоғамда өмір сүріп тіршілік ете білуді талап етеді. Баланың тұлғалық дамуының негізгі параметрлері оның жалпы адамзаттық құндылықтарға бағытталуы, ізгілік, зиялылық, креативтілік, белсенділік, жеке басының намыс сезімі, ой-пікірдегі тәуелсіздік болып табылады. Осы қасиеттердің даму деңгейі тұлғаның әлеуметтік қалыптасу мен әлеуметтік біліктілігінің көрсеткіштері деп қарастыруға болады.

Білім беру жүйесінің басты міндеті – жеке тұлғаның ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар негізінде қалыптасуы мен дамуы және оның кәсіби жетілуі үшін қажетті жағдайлар жасау; баланың тәрбиелену, білім алу және жан-жақты қалыптасу, ана тілін, ұлттық салт дәстүрлерді сақтау, ақпараттану, ден-саулығын нығайту сияқты құқықтарын іске асыру болып табылады.

Осы сияқты қасиеттерді білім алушылардың бойында қалыптастыру мен дамыту Қазақстан Республикасы білім беру жүйесінің маңызды міндеті ретінде қарастырылады.

Белгілі философтар Аристотель, Фромм Э., Швейцер А., Мандевиль Б. адамгершілік ұғымын мораль тұрғысынан қарастыра отырып, адамгершіліктің негізгі бастаулары қайырымдылық, жақсылық, өмірді қастарлеу, әділеттілік, ізгілік, т.б. атап көрсетеді. Философтар адамгершілік құндылықтарды екі тұрғыда: гуманистік этика және әлеуметтік этика деп бөліп қарастырады. Гуманистік этика адамның әлеммен тұтастығы білдіретін; адам әрекеті мен адам индивидуалдығының әр алуандығы жағдайында мәдени формалардың іріктеуді білдіретін; әлеуметтік этика - социум мүддесіне бағынады, адам қоғамның немесе социумның ықпал ету объектісі.

Тұлғаның қалыптасуын әлеуметтік ғылым тұрғысынан қарастыратын болсақ “адам-қоғам-табиғат” өзара бірлікте қарастыра отырып, тұлғаны қалыптастыруда өндірістік қатынастар мен қоғамдық ортаны негізгі деп қабылдайды. “Тұлғаның барлық көріністерінің жиынтығы мен бірлігі, олардың өзара бір-бірімен байланысы оның әлеуметтік құрылымын құрайды.

Тұлғаның әлеуметтік құрылымының негізін қоғамдық, әлеуметтік қатынастар қалыптастырады. Тұлғаның қалыптасуы – оның шындық болмыспен әрекеттесу, өз құрылымында денелік және әлеуметтік – психологиялық қасиеттердің пайда болуы барысында тұлғаның өзгеріске ұшырауы. Педагогикалық ұғым ретінде тәрбиенің екі белгісі бар.

Біріншісі – мақсатты бағытталғандығы, әлеуметтік – мәдени бағдардың, тіпті өте жалпы, бір қандай да болсын үлгінің болуы; екіншісі – бұл үрдістің барысының адамзаттық тарихы дамуы жетістіктеріне, әлеуметтік – мәдени құндылықтарына сәйкес болуы.

Тұлғаны қалыптастыратын тағы бір педагогикалық құбылыс “өзін-өзі тәрбиелеу” деген атқа ие болады. Оның мәні – тәрбие субъектісінің орнының ауысуында, енді тәрбиеленушінің өзі мәдени үлгіні мінез – құлықпен сәйкестендіреді. Өсіп келе жатқан бала тәрбие жалауын педагогтан алады және оны әрі қарай өзін - өзі жетілдіру жолында алып жүреді.

“Өзін - өзі” тәрбиелеу кешегі тәрбиеленушінің субъектілігін көрсетеді, ол бүгін өзін тәрбиелеуші ересектерден босатты және ол өзінің “Менін” өзінің қабылдауы мен ойластырылған әрекетінің объектісіне айналдырады.

Тұлға – белгілі бір даму деңгейіндегі кемелді дамыған санасы бар, мінез- құлық салыстырмалы түрде тұрақты, сондай –ақ өзінің қалыптарын және әлеуметтік ортамен қатынасын реттеуге қабілетті адам. Айтылғанға орай тұлға қандай да бір керемет жетістіктермен байланысты болуы міндетті емес. Әрбір қарапайым ересек адам – тұлғаның негізгі және анықтаушы белгілері мыналар: сана-сезім, даралық сипаттар, өзін-өзі меңгеру ,активтілік, басқа адамдармен дұрыс қатынас жасау.

Индивид – жеке тұлға бір адам. Даралық – бұл адамның өзіндік ерекшелігі. Даралық қайталанбайтын, тек бір адамға ғана тән қасиеттері мен ерекшеліктері, бір адамда өзгелерден ажыратып тұратын қасиеттер.

Даралық белгілі бір деңгейде тұлғаны басқалардан ажырататын мәнді ерекшеліктермен ажыратылады. Бұл адамды ынта қабілеттіліктер, мінез – ерекшеліктері. Адамның жекелеген қасиеттеріне негізінен оның кәсіптік жарамдылығы бағынышты.

Адамның даралық ерекшеліктері индивидтің даму барысында қалыптасады. Осы процесс кезінде нерв жүйесінде, ақыл – ой сезімде және жігерде ынтада, бейімділікте қабілеттер, дарында, темпераментте, мінез – құлықта өзгешеліктер байқалады. Бұл ерекшеліктердің бәрі адамның мінезіне, яғни оны оқудағы және жұмыстағы жетістігі мен сәтсіздігі бағынатын тұрақты психикалық қасиеттерге ықтимал. Тұлғаның әр түрлі қасиеттерін қалыптастыруда тұқым қуалаушылық факторлардың және қоршаған ортаның рөлі бірдей емес, сондықтан тәрбие жолымен нені жасауға болатынын әрдайым есте сақтаған жөн.

Кәсіби бағдар жұмысының нәтижесі оқушыларда қалыптасқан кәсіби таңдаудың болуы. Сондықтан кәсіби бағдарда басқару тетігі жеке адамның кәсіби таңдауын дамыту арқылы іске асады.

Бұл дамудағы бірінші кезең жеке кісіге қоғамдық ұйымдардың әлеуметтік жағдайдың әсерінен болатын, өз мақсатын белсенді түрде іздеу кезеңі.

Екінші кезең - өмірдегі өз орнын таңдау және өз мақсатын толық, терең түсіну.

Үшінші кезең - өмірлік құндылықтарды жеке тұлғаның жүзеге асыру кезеңі.

Мамандық таңдауда ықпал ететін күштер жеке адамның барлық шағын қамтып отырғанда ғана тиімді болады. Жас жеткіншектердің мамандық таңдау - өзінің кәсіби бағдар іс - әрекетінің субъектісі ретінде анықталады.

Оқушының мамандық таңдауы табысты аяқтау үшін оған кәсіби қажетті қасиеттер болуы шарт. Кәсіби қасиеттер дегеніміз – сол таңдаған мамандығына орай психикалық, физиологиялық және физикалық түрдегі әзірліктің бар болуы және сол мамандық талап ететін шарттарға икемді таныту.

Мамандық таңдау процессінде кәсіби сана – сезім көп әсер етеді.

Жеке кісінің өз мақсаттарына, ұстаған идеясына ойлаған құндылықтарына өз мүмкіндіктерінің сайма – сай келгені дұрыс.

Сана – сезімнің нақты формасы, өзін - өзі бағалауы. Бұл қасиет ішкі реттендірудің басты шарты болып табылады. Сол арқылы оқушы қай кәсіпті таңдайтынына зер салып әрекет етеді.

Білім беру мекемесі – әлеуметтік педагогикалық ашық жүйе ретінде қоғам арқылы дамиды. Ал қоғамдағы жүргізіліп жатқан өзгерістер мұғалім шеберлігін жетілдіруді талап етеді. Осы мәселе бойынша мекеме өміріне қажет өзгерістерді текшелей отыра, оқытушының өзгеруін бірінші кезекке қояр едім. Себебі, дайын мұғалім қай мекемеде болсын жиі кездеспейді, ол мұғалімнің қалыптасуы, шеберлігінің шыңдалуы-мекеме әкімшілігінің иығымен көтеріп, жағдай жасап шешетін мәселе.

Инновациялық жаңалықтың енуі төменнен басталып, бақылау өзін-өзі бақылауға айналса ғана соңғы нәтиже жоғары болмақ.

Өзгерісті мұғаліммен жұмыстан, яғни мұғалімдердің оқуы мен кәсіби даму үдерісіне көмектесуден, коучинг пен тәлімгерлік мектебінің жұмысынан басталып, тәлімгер ретінде үйреге алатындары ескерілді. Коучинг жүйесі мен тәлімгерлік мектебін енгізу арқылы, оларда бүгін қандай қиындықтары барын анықтап, күнделікті іс-тәжірибесіне өзгеріс енгізу қажеттілігі анықталды.

Жалпы білім беруде әр мұғалім көздеген мақсатына қол жеткізу үшін оқыту үдерісін жоспарлап қолданысқа енгізгенде оқушыларды бағалауды басты назарда ұстану керек. Себебі, бағалау сыныптағы оқушылар деңгейі әр түрлі болып келетіндіктен, мұғалімнің сыныпта бір қалыпты атмосфераны құруына және оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыру жолдарына елеулі әсер етеді. Бағалау-одан арғы білім алу туралы шешімді қабылдау мақсатымен оқытудың нәтижелерін жүйелі түрде жинақтауға бағытталған қызметті белгілеу үшін қолданылатын термин болып табылады.

Өздерінің бұрынғы тәжірибесі бойынша көптеген мұғалімдер, оқушылар және олардың ата-аналары бағалауды оқыту және оқудан кейін болатын нәрсе ретінде қарастырды. Бағалау оқыту мен оқудың ажырамас бөлігі деген ой біздің түсінігіміздегі едәуір өзгерісті талап етеді.

МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ БАЛАЛАРДЫ ӘЛЕУМЕТТІК-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ БЕЙІМДЕУДІҢ МАҢЫЗЫ

ИБНАМИНОВА ЖУМАГУЛ КАРАМАТДИНОВНА

Бастауыш сынып мұғалімі

Маңғыстау облысы Мұнайлы ауданы

«№7 жалпы білім беру мектебі» КММ

Адамның ең маңызды игілігі жеке басының бостандығы мен құқықтары болып табылады, бұл құқықтар мен бостандықты қорғау, әлеуметтік қолдау, оны іске асыру механизмдері конституциялық-құқықтық жарықтарда және адам құқығы туралы халықаралық құжаттарда белгіленген.

«Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау» туралы Заңның 4 Тарауында кемтар балалардың құқықтары бекітілген, нақты атааналарының және өзге де заңды өкілдерінің құқықтары мен міндеттері көрсетілген.

Әр адам қайталанбас тұлға болып есептеледі, сондықтан адам, адамгершілік тұрғылық қарым-қатынасқа құқылы. Әлеуметтік ортаға енгізу әлеуметтік қатынастың жалпы жүйесіне және баланың өз жағдайына қарай білім алу ортасына мүмкіндігі шектеулі балалардың әлеуметтік бейімделуін қалыптастыру.

Көптеген ғасырлар бойы «адамзат» әр түрлі ғылым салаларының басты объектісі болып келеді, себебі ғылым мен адамзат бір бірімен тығыз байланыста келеді. Өз тарихын, мәдениетін, табиғи болмысын танып білуге деген адамзат құштарлығының шегі болған емес. Осы таным жолында психология ғылымының орны аса зор әрі ерекше. Адам болмысының табиғаты, оның саналы қоғам шеңберінде өркендеуі мен қалыптасуы, айналасындағы басқа адамдармен қарым қатынасының ерекшеліктері психология ғылымының негізінде жатыр. Адамның даму заңдары мен болмысының мүмкіндіктері жөніндегі білімдер жүйесі бүкіл қоғамның дамуы үшін өте қажет.

Көп жағдайда адамдардың жеке және ұжымдық әрекеттерінің механизмі, әрекет, әлеуметтік бағыт, тәртіп стереотиптерінің қалыптасу заңдылықтары жөніндегі білімдерді пайдаланбай, сезім, психологиялық климатты танып білмей, жеке адамның ерекшеліктері мен психологиялық қасиеттерін, қабілетін, сезімін, мінезін, адам аралық қатынастарын зерттемей, әлеуметтік процестер мен құбылыстардың мәні толық ашылмайды.

Яғни, әлеуметтік процестерді зерттеуде психологиялық факторларды ескеру-заңды қажеттілік. Осыған орай, психология бірнеше салаға бөлінген. Соның бірі-әлеуметтік психология.

Әлеуметтік психология- адамдардың әр түрлі ұйымдасқан немесе ұйымдаспаған топтарында көрініс беретін психикалық болмысын зерттеумен айналысады. Әлеуметтік психология бүгінгі таңда ерекше сұранысқа ие. Өйткені әлемдік проблемаларды шешуден бастап, адам қашанда топтың өкілі болғандықтан, оның ортаға бейімделуі, күнделікті тұрмыстағы кездесетін қатығыс, күйзелістерді зерттеп, қажетті шешімдерге қол жеткізуге болады. Адам баласында өмірге келген сәттен бастап, белгілі ортаға бейімделу процесі жүреді.

Психологияда бұл процесті адаптация деп атайды. Адаптация-жеке адамның немесе әлеуметтік топтың ортамен әрекеттестігі, оған осы ортаның нормалары мен құндылықтарын игеру, сонысымен қатар ортаның мақсатына сәйкес өзгеруі, қайта құрылуы жатады.

«Бейімделу» (адаптация) ұғымы психологияда адамның қоршаған орта жағдайына бейімделуін білдіреді. Бұл ұғым индивид пен ортаның тепе-теңдік байланыстары туралы гештальт-психология, ақыл-ойдың даму теориясы сияқты психологиялық концепцияларда да маңызды орын алады. Бұл терминді енгізген Г.Селье.

Үш стадиядан тұрады:

1. Аландау стадиясы– бір неше сағат немесе екі күн созылуы мүмкін, мұнда адамға белгілі әсер келіп адам одан қорғануға тырысады;
2. Қарсы шығу стадиясы- адам әсерге қарсыланады;
3. Тұрақтану немесе әлсіздену стадиясы.

Бейімделудің негізгі түрлері-сенсорлық бейімделу мен әлеуметтік бейімделу. Сенсорлық бейімделу-түйсіктердің бейімделуі.

Әлеуметтік бейімделу -бейімделудің еңжоғары дәрежесі, бір жағынан, үнемі жүретін индивидтің әлеуметтік орта жағдайларына белсенді түрде бейімделу процесі, екінші жағынан, бұл процестің нәтижесі. Осы екі компоненттің өзара қатынасы индивидтің қажеттіліктеріне, оларды қанағаттандыру мүмкіндігіне тәуелді. Бейімделу үздіксіз жүретін процесс болса да, оны әдетте, адамның өмірінде негізгі әрекеттердің және әлеуметтік ортаның ауысуымен байланыстырады.

Психологиялық бейімделудің негізгі көріністері – адамның айналасындағы адамдармен белсенді қарым-қатынас жасауы. Психологиялық бейімделудің басты құралы-тәрбие, білім, еңбек және кәсіби даярлық болып табылады.

Психологиялық адаптация, адам өміріндегі кез келген өзгерістерде жүзеге асады.

Мысалы, «үйкүшік» баланың балабақшаға келген соң, жаңа жағдайларға бейімделуіне тура келеді. Мектепке келу-жаңа талаптарды орындауға, жаңа жағдайларға бейімделуді қажет етеді.

Еңбек жолын бастаған жастарда, бейімделу кезеңін басынан кешіреді. Тіпті микросоциумдағы (отбасы) өзгерістер: ата-аналардың ажырасуы немесе жақын адамдардың қайтыс болуы т.б. жаңа жағдайлар туғызады.

Әлеуметтік бейімделу тек дені сау адамдардың ғана емес, сонымен қатар мүмкіндігі шектеулі балалардың да әлеуметтік ортаға қосылуы, қоғамда өмір сүруге бейімделуі.

Мүгедек бала - тіршілік-тынысының шектелуіне және оны әлеуметтік қорғау қажеттігіне әкеп соқтыратын аурулардан, жарақаттардан, олардың салдарынан, кемістіктерден организм функциялары тұрақты бұзылып, денсаулығы бұзылған он сегіз жасқа толмаған адам.

Мүмкіндігі шектеулі балалардабейімделу үдерісі үнемі сәтті, қиындықсыз бола бермейді. Кейде, адекватты емес мінез-құлық реакциялары, қиын психологиялық ситуациялар туындайды.

Бір сөзбен айтқанда, дезадаптация пайда болады. Балалардағы дезадаптация күйі оңай пайда болғанмен, адаптация үдерістері ұзақ уақытқа созылады.

Мүмкіндігі шектеулі балалардың бейімделу немесе адаптация қиындықтарын жеңілдету, психикалық дамуын қалыпты балалардың психикалық дамуы деңгейіне жақындату коррекция және компенсация жолдарымен жүзеге асады. Дәлірек айтқанда, коррекция (түзету) ұғымы психикалық және дене бітімдік дамудағы кемшіліктерді, психологиялық-педагогикалық және емдеу-сауықтыру шараларының жүйесі көмігімен түзету.

Бұл жүйе баланың психикасының, дене бітімінің ауытқуларын жеңілдетуге және жоюға бағытталады. Дамудағы ауытқуды түзету немесе коррекция жасаудың тұтас тұжырымдамасын алғаш рет итальян педагогы М.Монтессори (1870-1952) жасады. Ол сезімдік тәжірибе мен моториканың дамуы автоматты түрде ойлауды дамытады, себебі олар ойлаудың алғышарттары деп есептейді.

Ұзақ уақытқа дейін, психотерапевтік шаралар вербальды коммуникация, интеллект сияқты қалыпты дамыған адамға тән компоненттер негізінде ғана жүзеге асады деген теріс ұғым орын алып келді. Бірақ ақыл ойы кем балаларда интеллекттуалды әрекеттік болатыны және психотерапияда вербальды емес әдістердің қолданылатыны дәлелденді, мысалы арттерапия.

Олигофрен оқушылармен психотерапевтік жұмыстар жүргізу барысында, нәтижесінде олардың зейін, қабылдау, есте сақтау қабілеттерінің артқанын, оқу әрекетінің арта түскендігін байқауға болады.Психикалық дамуы тежелген балалармен жүргізілген психотерапевтік жұмыстарда өз нәтижелерін көрсетіп келеді.Кез келген қоғамда, даму дәрежесі қаншалықты жоғары болғанына қарамастан, әлеуметтік қиындықтар болып тұрады.

Қазіргі кезде әлеуметтік көмекке мұқтаж болып отырған мүмкіндігі шектеулі балалар күннен күнге көбеюде. Әрине, мүмкіндігі шектеулі балаларды тәрбиелеп, әлеуметтік тұрмысқа баулуда, ата-ана мейірімімен қатар, мұғалім және психологтың тарапынан шексіз, мейірімділіктің қажеттілігі бірден айқын байқалады.Бұл жұмыста үлкен жауапкершілік, төзімділік, тәжірибе қажет.

Қазіргі озық технология заманында мүмкіндігі шектеулі балаларды заман талабына сай, түрлі әлеуметтік жағдайлардан адаспай, дұрыс жол таба алатын, еңбекқор азамат етіп қалай әзірлеп шығаруға болады деген сұрақ осы салада қызмет атқарып келе жатқан мамандарды шығармашылық жұмыстар мен инновациялық технология әдіс тәсілдерін іздеуге итермелейді.

ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУГЕ ҚАЖЕТТІЛІГІ БАР БАЛАЛАРДЫҢ КОММУНИКАТИВТІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕРІН ДАМУЫ

АКМУРАДОВА ЗИБА ЯШУЗАКОВНА

Бастауыш сынып мұғалімі

Маңғыстау облысы Мұнайлы ауданы

«№ 15 жалпы білім беру мектебі» КММ

Қазіргі таңда барлық әлем жұртшылығының назарын аударып отырған мәселе – балалардың жеке сұраныстары мен ерекшеліктеріне ортаның, отбасының қатысуымен білім беру үдерісіне толық қосуды қарастыратын инклюзивті білім беру. Демек, инклюзивті білім беру дегеніміз не?

Ол – балалардың жынысына, жас ерекшеліктеріне, географиялық тұратын жеріне, қимыл-қозғалыстық және ақыл-есінің әрі экономикалық жағдайына қарамастан сапалы білім алу, өздерінің әлеуетін дамыту мүмкіндігіне ие болу. Сол себепті де мемлекетіміздің алдында тұрған негізгі мәселелердің бірі – ерекше білім беруге қажеттілігі бар білім алушыларды қоғамдық ортаға бейімдеу, әлеуметтік өмір шеңберінде тең құқылы тіршілік ете алуларына жағдай жасау.

Инклюзивті білім беру («білім баршаға») бағдарламасы мектепке дейінгі оқу орындарында, мектепте және мектеп өміріне белсене қатысуға тиісті барлық балаларға мүмкіндік береді.

Аталған бағдарлама БҰҰ-ның бас Ассамблеясы мақұлдап, БҰҰ-ның Конвенциясында 2006 жылдың 13 желтоқсанында енгізілген болатын. Инклюзивті білім беру мәселесі шет елдерде 1970 жылдан бастау алса, ал 90 жылға қарай АҚШ мен Еуропа өздерінің білім беру саясатына бұл бағдарламаны толықтай енгізді.

Мектеп ерекше білім беруге қажеттілігі бар білім алушылар үшін «өмірлік орнын толтырудың» тәрбие «институты» болуы керек. Білім алушыларды оқуға, жазуға, есепке, еңбектенуге оқыта-үйрете отырып, бірлестік қарым-қатынасын, мәдени тәртіп ережелерін үйренуін, әртүрлі әрекетте икемдерін қалыптастыру маңызды болып табылады.

Бастауыш сыныпта инклюзивтік білім беруді ұйымдастыруда мүмкіндігі шектеулі баланы жалпы білім беру үдерісіне кіріктірудің үш кезеңдік моделі ұсынылған:

- Дайындық кезеңі;
- Білім беру үдерісіне жартылай кіріктіру;
- Білім беру үдерісіне толық кіріктіру.

Ерекше білім беруге қажеттілігі бар баланың жоғарыда айтылған бір кезеңнен екінші кезеңге ауысуында нақты шарттар бойынша олардың дайындығы ескеріледі. Соның бірі – қарапайым коммуникативтік дағдысының болуы.

Коммуникативтік әдіс – жеке тұлға мен мұғалімнің тікелей қарым-қатынасы арқылы жүзеге асатын, белгілі бір тілде сөйлеу мәнерін қалыптастыратын, тілдік қатынас пен әдістемелік категорияларға тән басты белгілер мен қағидалардың негізгі жүйесінен тұратын, тіл үйретудің тиімді жолдарын тоғыстыра келіп, тілді қарым-қатынас құралы ретінде іс жүзінде жүзеге асыратын әдістің түрі. Осыған орай коммуникативтік оқыту тілдік әрекеттің барлық түрінде – тыңдалымда, айтылымда, оқылымда, жазылымда қалыптасады.

Лингвистикалық және әдістемелік әдебиеттердің көпшілігінде сөйлесім әрекетін төрт түрге бөліп қарастыру тұрақты орын алған. Олар: сөйлеу, оқу, жазу, түсіну.

Тілдің қызметі, сөйлесу қағидасы — білім алушыларды жаңа сөздерді, сөз тіркестерін, грамматикалық ережелерді дұрыс қолдануға үйрету. Десек те ерекше білім беруге қажеттілігі бар білім алушылардың сөйлеу тілін дамыту орасан зор жұмысты қажет етеді. Уақытылы дұрыс, таза сөйлеуді меңгерту – баланың толыққанды тұлға ретінде қалыптасуында маңызды мәнге ие.

Тілдік қабілеті жақсы дамыған адам қоғамдық қатынасқа жеңіл енеді әрі өз ойларын, туындаған сұрақтарын түсінікті етіп жеткізе алады. Ал түсініксіз сөйлеу қоршаған ортамен өзара қатынасты барынша қиындатады, тіпті адам мінезіне де өз әсерін тигізеді, өзіне деген сенімділігін жоғалтады. Сөйлеу тілінің бұзылуы білім алушылардың таным қабілеттерімен тығыз байланысты.

Білім алушылардың зейіні тұрақсыз, ойлау және есте сақтау қабілеті төмен, кез келген жағдайда тез шаршағыш болып келгендіктен, бұл санаттағы балаларды оқу үдерісіне тартып, қызығушылығын арттыру және коммуникативтік құзыреттілігін дамытуда төмендегідей әдіс-тәсілдер жүзеге асырылады:

- Сұрақ-жауап әдісі;
- Диалогтік оқыту әдісі;
- Қатысымдық әдіс (тіл үйренушілер мәтінді таспаға жазып, қайта тыңдап, негізгі таспамен салыстыра отырып, айтылым дағдысын қалыптастырады);
- Жазылым (тақырыпқа байланысты мәтінмен жұмыс).

Бұл тәсілдер коммуникативтік құзыреттіліктің алғашқы баспалдағы болып есептеледі. Себебі аталған жұмыс түрлерін мұғалімдер, арнайы мамандар барлық сабақта мүмкіндігінше қолдана алады.

«Тілдесім – адамдардың қоғамдық-әлеуметтік өмірде бір-бірімен тіл арқылы қарым-қатынасқа түсіп, өзара пікірлесуінің нәтижесінде бірінің ойын бірі ауызша да, жазбаша да түсінуі және оған жауап қайтаруы» деп айтылғандай, ерекше білім беруге қажеттілігі бар білім алушылармен сөздік жұмысын жүргізу, белсенді оқыту мен оқу әдістерін пайдалану арқылы да тілдік дағдыны дамытуға болады. Коммуникативтік дағдыны дамытатын сұрақ-жауап әдісін қолдану білім алушыларды айналасындағы заттармен таныстырып, атын атай білуге («Мынау кім? – Бұл – бала»; «Мынау не? Бұл – үй»), қасиеті мен сапасын, түр-түсін және пішінін ажырата алуға («Мынау не? –Алма», «Алманың түсі қандай? –Алманың түсі – қызыл», «Алманың көлемі қандай? –Дөңгелек»), өмірдегі және қоршаған ортадағы түрлі құбылыстар жайындағы ұғым-түсініктерін дамытуға («–Ауа-райы қандай? Жанбырлы/Ашық», «Жанбыр қайтті? Жанбыр жауды») әрі тілдік қарым-қатынас жасай білуге үйретуге болады («–Досыңмен амандасқың келе ме? – Иә», «–Қалай амандасар едің? –Сәлем!)). Осы бағытта орындалған әрекеттер білім алушының коммуникативтік дағдыларының, яғни сөйлеу тілінің дамуына ықпал жасайды. Біртіндеп мұғалім мен оқушының сұрақ-жауап әдісі арқылы да өзара диалогқа түсуі қатысымдық іс-қимылды белсендіруге әкелетіні, қарапайым сөйлемдерді, 3-4 сөзден тұратын жай сөйлемдерді айтуға жетелейтіні сөзсіз.

Ерекше білім беруге қажеттілігі бар білім алушылардың сөздік қорларын дамыту ісінде жаңа сөздерді меңгерту, оқу барысында үйренген сөздерін тиянақтап, анықтап әрі байытып отыру қажет. Мұнда білім алушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, тыңдалым және айтылым дағдысын дамыту мақсатында оқулықтағы немесе оқулықтан тыс адамгершілікке үндейтін, сана-сезім мен ақыл-ойды оятатын ертегі, шағын мәтіндерді тиімді пайдалана білген орынды.

Алдымен, білім алушылармен сөйлеу әрекетін жүзеге асыру барысында өздеріне таныс ертегі кейіпкерлері туралы не білетіндіктерін анықтап алған дұрыс. Сонан кейін ол кейіпкерлер не үшін және қандай іс-әрекеттері арқылы ұнағаны жөнінде шағын әңгіме жүргізген жөн.

Келесіде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдаланып, ертегінің бейнежазбасын көрсету әрі тыңдату арқылы ерекше білім беруге қажеттілігі бар білім алушылардың жүрегіне жол табуға болады. Ертегі мен әңгімелердегі («Мақта қыз бен мысық», «Бір уыс мақта», «Шалқан» т.б.) кейіпкерлердің тапқырлық, айлакерлік, шыдамдылық, батылдық әрекеттері мен аңқаулық мінездері білім алушыларды таң-тамаша қалдырып, сүйсіндіріп және талғамын күшейтіп, байланыстырып сөйлеу мәдениетін дамытып, өз ойларын жүйелі жеткізе білуге үйрететіндігі анық [4]. Мысалы, ертегі-әңгіме мәтіндерімен жұмыс жасамас бұрын білім алушылармен жеке қарым-қатынасты дамытуды, тілдік сөйлесімге әкелуді «Ертегілер сыр шертеді», «Мен табиғатты сүйемін!», «Жан-жануарлар – менің досым», «Кейіпкерлер әлемі», «Сиқырлы сандар» т.б. арнайы дайындалған танымдық бұрыштарға серуендету арқылы жүзеге асыруға болады.

Қорыта келе, білім беру үдерісінде білім алушының жеке дамуын психологиялық-педагогикалық қолдау – баланы табысты оқыту үшін жағдай жасау бойынша сынып жетекшісінің, әлеуметтік педагогтың, психологтың, пән мұғалімдерінің, әдіскерлердің және тағы басқа кәсіби әрекеттер жүйесі. Педагог-жазушы Жүсіпбек Аймауытов «Мұғалім істеген ісі өнімді, берекелі болуын тілесе, әуелі өз қызметін шын көңілмен жақсы көрсін» деген екен. Олай болса, өз мамандығын шексіз сүйе білген маман иесі ғана үздіксіз ізденіс пен табандылықтың арқасында жеке тұлғаның болашағына дұрыс бағыт көрсетері сөзсіз.

АУТИЗМ БАЛАЛАРДЫ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ СҮЙЕМЕЛДЕУ

ҚАЛЖАНОВА ЭЛЬМИРА ҚУДАЙБЕРГЕНОВНА

Бастауыш сынып мұғалімі

Маңғыстау облысы Мұнайлы ауданы

«№ 15 жалпы білім беру мектебі» КММ

Әрбір ата-ана баласы өмірге келгеннен кейін оның денсаулығының дұрыс болғанын қалайды. Ата-анасы баланың жасаған әрбір қимылына, оның жүзінің жадырағанын, басқан әрбір қадамын, алғашқы шығарған дыбысына, айтқан сөзіне қуанады. Әр бала қоршаған ортаның қамқорлығын қажет етеді. Бірақ кейбір балалар қоршаған ортадан алыстап, өз әлемінде өмір сүреді.

Олар әр жаңа нәрсеге қызықпайды, оны танып-білуге қызығушылығы болмайды. Осындай балалар қарым-қатынас жасауда, әлеуметтік ортаға бейімделуде, ата-анасымен сөйлесуде қиындықтарға кездеседі. Осындай белгілер арқылы балада аутизмнің немесе оның кейбір белгілерін анықтауға болады.

Елімізде аутизм туралы ақпарат аз, ал онымен күресіп жүргендер көп. Әлем бойынша 67 миллион адам аталған дертпен арпалысса, қазақстандықтардың үлес салмағы мыңнан асып жығылады. Елімізде аутизмі бар балалардың саны күрт өсуде. 2003 жылы 77 бала тіркелген болса, 3 жылдан кейін бала саны 255-ке жеткен, 2010 жылға қарай 326 бала тіркелген. Ал қазіргі таңда балалар аутизмі мың жарымға жуық балада байқалған.

Аутизм ми жұмысының бұзылуынан туады. Мамандар аутизмнің 300-ге жуық себебін атап отыр. Бірақ нақты тұжырым, дәйекті дәлел жоқ. Ең алғаш аутизм туралы Э. Блейлер, Лео Каннер, О.С. Никольская, Г. Аспергер, А. Ретта, К.С. Лебединская сынды ғалымдар қарастырған.

Қазіргі кезеңде аутизмді зерттеу өрісі кеңейіп отыр. Аутизм $\frac{3}{4}$ бала дамуындағы ауытқушылықтың ауыр түрі, ол әлеуметтік ортамен қарым-қатынастың жоқтығын білдіреді.

Симптом ретінде аутизм көптеген психикалық ауруларда кездеседі, бірақ кейбір жағдайларда ерте жастан байқалып, бала дамуына кері әсерін тигізеді. Бұл жағдайды ерте балалық аутизм (ЕБА) синдромы дейді. Ол болса психикалық даму зақымдалуының бір нұсқасы ретінде қарастырылады. Сонымен қатар бала бойында аутизмнің кейбір клиникалық көріністері байқалса, оны аутистикалық тұлғалық қасиеттер деп атайды. Нақты симптом ретінде 2-3 жасқа қарай қалыптасуы мүмкін.

Қазіргі уақытта аутизмнің нақты себептері анық зерттелмеген. Көп ғалымдардың деректері бойынша, аутизмі бар балалардың себебі орталық жүйке жүйесінің бұзылуы салдарынан болады. Тұқымқуалаушылық фактордың әсері мол екенін көптеген зерттеушілер мойындайды. Сонымен бірге мидың органикалық зақымдалуы да аутист балаларда жиі кездеседі. Тұқым қуалаушылық хромосомалық өзгерістер, зат алмасу өзгерістері, анасы жүкті және туу кезінде алған жарақаттар, нейроинфекция- лар, тағы басқа жағдай лар барлығы да жағымсыз әсер ету мүмкіндігі бар.

Аутизмнің пайда болу себептерін түсіндіретін нақты дәлелденген ақпараттар өте аз. Бұрынырақ балаларға қызылшаға және шошқаборлыққа (свинка) қарсы егілетін екпе салдарынан пайда болады деген болжам болған. Бірақ уақыт өтісімен, көптеген зерттеулер нәтижесінде бұл болжам жоққа шығарылды. Ал, психоаналитиктердің ойынша, баланың алғашқы даму кезеңіндегі «ата-ананың эмоциялық салқындығы» да себеп болады.

Себептердің 1-тобы тұқым қуалаушылықпен байланысты. Кейбір мамандардың айтуынша, аутизм тұқым қуалайды және ол гендік деңгейде беріліп отырады. Кей жағдайларда бұл тұжырымның растығын дәлелдейтін мысалдар да бар, себебі аутистік белгілер бір отбасының мүшелерінен байқалып жатады. Алайда ғалымдар аутизмге жауап беретін генді әлі күнге таба алған жоқ.

Себептердің 2-тобына хромосомалық (генетикалық) мутация, зат алмасудың туа бітті аурулары жатады. Кейбір генетикалық синдромдар мен зат алмасу ауруларының клиникалық симптомдарының қатарына аутистикалық белгілер де кіреді. Мұндай аурулардың қатарында сынғыш (фрагильді) Х-хромосома, Ретт, Мебиус синдромдары, сонымен қатар фенилкетонурия, мукополисахаридоз және басқалары бар.

Себептердің 3-тобы орталық жүйке жүйесінің түрлі себептермен зақымдалуымен байланысты.

Оған мыналар түрткі болуы мүмкін: жүктілік және туу кезінде түрлі патогендік факторлардың әсер етуі: нейроинфекция, вирустық инфекция, жаракат, асфиксия және т.б. Мұндай жағдайда аутизмді аурудың салдарынан болған жүйке жүйесінің резидуалды-органикалық күйі деп қарастырады;

биохимиялық, нейрехимиялық және метаболикалық ауытқулар. Арнайы зерттеулер (жұлын сұйықтығы, қан, несеп сараптамалары) көрсеткеніндей, аутистикалық симптомдар физиологиялық тұрғыдан белсенді заттар (серотонин, катехоламин және дофамин) алмасуының бұзылуынан болады. Биохимиялық өзгерістер мен аутистикалық белгілердің арасындағы байланыстың бар екенін дәлелдейтін зерттеулер бар.

Аутизмнің алғашқы белгілеріне тоқталатын болсақ, белгілер баланың үш жасына дейін анық байқалады. Әдетте, ер балаларда жиі кездеседі. Ата-анасы баланың құрдастарымен салыстырғанда кеш дамып, әлі сөйлемегенін байқайды. Алғашында бала естімейтін сияқты болып көрінеді, бірақ тексеру барысында нәтижесі олай еместігін көрсетеді. Мұндайда баланың жалпы дамуы тежеледі. Мінезі тұйықтала түседі. Атын атап шақырса, елең етпеуі де мүмкін. Өзге балалармен де ойнамайды. Танып-білуге ұмтылмайды. Тіпті жаңа ойыншық та оны қызықтыра алмайды.

Яғни, мұндай балада қалау, сағыну, аяныш, өкініш, қамқорлық сияқты сезімдердің ешқайсысы болмайды. Оған бәрібір. Өз әлемінде, өзімен өзі өмір сүреді. Тәулік бойы ұйықтамай жүре беруі мүмкін. Ештеңені қажет етпейді. Кейде бала сөйлеуді бастайды, бірақ біраз уақыт өтісімен, сөйлеу қабілетін қайта жоғалтады, күнделікті қылықтары қайталанатын, күнде бір ойыншықпен және жалғыз ойнайды. Тіпті ойыншықтың тек бір бөлігімен ғана (мәселен, тек қолымен немесе басымен) ойнауы мүмкін. Күнделікті қайталанатын тәртіптің өзгеруін бала өте қиын қабылдайды. Ата-аналарының айтуынша, бала көзге тіке қарамайды. Көбісінің зияткерлік қабілеттері де төмен.

Аутист-балаларды оқытуда кешенді түзете-оқытуда жаңа технологияларды қолданудың артықшылығы оқу материалын визуалды түрде елестете алу қабілеті болып табылады. Қоғамның және білім беру жүйесінің қазіргі кездегі дамуы түрлі іс-әрекеттердің интенсификациялық үрдісінің өсуіне байланысты болып келеді. Осыған орай, болашақ білім беру жүйесі мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған білім берудің көп бөлігі жаңа технологияларға негізделетінін, қозғалмалы ойын және акпараттық технологиялардан тұрады.

Тәжірибе көрсеткендей, кешенді түзете-оқыту әдістері мақсатты түрде аутист балаларды түзете оқыту және тәрбиелеуде пайдалану балалардың жан-жақты дамуына, түзету мен толықтыру жақтарына психологиялық-педагогикалық жағдай жасайды. Сонымен қатар әр баланың тұлғалық ерекшеліктерін ескереді.

Түзете-оқыту үрдісінде кешенді түзете-оқыту әдістерін қолдану бала ағзасының компенсаторлы мүмкіндіктерін белсендіріп, ауытқушылықтарды жеңуге, алдын алуға мүмкіндік туғызады. Осы толықтырудың негізінде мүмкіндігі шектеулі балалардың қабылдаудың сақталған түрін жүзеге асыру және баланың психикалық функцияларын дамыту қолайлы жүзеге асады.

Акпаратты көрнекі түрде көрсету қандай іс-әрекет болсын оның әсерлілігін жоғарылатады. Арнайы білім беруде бұл әсердің маңызы зор. Заманауи құралдарды, диагностикалық әдістерді және технологияларды қолдану баланың тек сол кездегі ғана функциясын анықтамай, сол кезде пайда болатын объективті қиындықтарды анықтап, оларды қолжетімді тәсілмен жеңуге көмектеседі.

Аутизмі бар балаларға түзету-педагогикалық көмек көрсету, оларды қоғамдық ортаға бейімдеу, өзінің қатарлас құрбыларымен қарым-қатынасқа жиі түсуін бақылау, отбасымен, арнайы мамандармен қарым-қатынасын, әлеуметтік педагог, психолог, логопед тарапынан қолдау табуы қажет. Балаларға түзету-педагогикалық көмек көрсету шараларын жүргізуде кешенді түзете-оқытудың, заманауи әдістердің маңызы зор. Аутизм диагнозы бар балалардың қоғамда өздерін ұстай алуын, достарымен қарым-қатынасқа түсуге әзірлігін арттырудың маңызды тәсілі арнайы таңдап алынған түзету-педагогикалық көмек көрсетуді қолдану болып табылады.

Қорыта айтқанда, аутизмі бар балалармен жүргізілген жұмыс нәтижесі бойынша зерттеу болжамдарының дұрыс екені дәлелденіп, аутизм диагнозы бар балаларды оқытуда кешенді түзете-оқытудың, заманауи әдістерді пайдаланудың тиімділігі көрсетілді. Яғни, аутизмі бар балалармен жұмыс жүргізу барысында кешенді түрде әдістерді қолдану баланың сауығуына барынша мүмкіндік береді. Ең алдымен, баламен қарым-қатынас орнату оңайға түседі, қызығушылығы оянады.

БАСТАУЫШ МЕКТЕП ПӘНДЕРІНІҢ КҮРДЕЛІ ТАҚЫРЫПТАРЫН МЕНГЕРУ

КОЗБУГАРОВА АЛТЫНАЙ ЮСУПОВНА

Бастауыш сынып мұғалімі

Маңғыстау облысы Мұнайлы ауданы

«№ 15 жалпы білім беру мектебі» КММ

Ұстаздың білімі, мейірімді жүрегі, жігер-қайраты, оқушыны жетістіктен-жетістікке жетелейтіні айқын. Қазіргі мектептің негізгі парадигмасы ізгілік педагогикасына негізделеді.

Ол - мәңгілік жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға негізделген білім. Тәрбие мектептегі біртұтас педагогикалық үдерістің құрамды бөлігі екені белгілі. Бұрынғы қалыптасқан педагогикада бала тәрбие объектісі болса, қазіргі кезеңдегі тәрбие, баланы тәрбие субъектісі ретінде қарастырады.

Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес Қазақстан зайырлы мемлекет болып табылады. Еліміздегі білім беру жүйесі де зайырлы сипатқа ие. Зайырлы демократиялық мемлекет ретінде халықаралық стандарт деңгейінде адам құқықтары туралы Конвенцияға қол қойып, әлемдік білім кеңістігіне енуіміз, жалпыадамзаттық білім кеңістігінде мәдениетті тұлға тәрбиелеуді қажет етеді. Заман талабына сай бүгінгі педагогика ғылымының алдындағы басты міндеттердің бірі – педагогиканы жалпы әлемдік құндылық деңгейіне (адамды сүю және оның бостандығын сақтау, көтеруге әрекет жасау және адамзаттық мұратты құру болып отыр.

Жалпыадамзаттық құндылықтардың арасынан философтар, прогресшіл ойшылдар мен педагогтар бірінші орынға адамның құқығын, оның бостандығын, оған сәйкес келетін тәрбие мен білімді бөліп алғанға баса назар аударады.

Білім мен тәрбие аса бағалы құндылық ретінде қаралып, оған қоғамның тарихи дамуының заңды нәтижелері деп қарау орын алып отыр. Жалпыадамзаттық құндылықтарға негізделген адам құқығын қорғау ісі мыңдаған жылдар бойында жинақталып, адамның мінез-құлқын реттеуші қызмет атқарып келеді.

Тұлғаның бойына рухани-адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру ісі, адамзат баласының қол жеткен қоғамдық-тарихи бай тәжірибесіне негізделіп, әлеуметтік-этикалық қалыптар мен игіліктерді қатар игеруге болатынын педагог-ғалымдар дәлелдеп берді. Бұл өлшемдер халықтық дәстүрлерде адамгершілік үлгілері түрінде көрінеді. Кез келген халықтың тәлімдік үлгілері педагогикалық мәдениеттің ажырамас құрамы болып саналады. Сондықтан осы заманғы білімнің мәні халықтардың алдыңғы қатарлы озық, ізгілік дәстүрлерін, жалпыадамзаттық мәңгілік құндылықтарын қайта жандандыру арқылы, өскелең ұрпақтың рухани-адамгершілігін нығайту болып табылады.

Қазақстанның білім беру жүйесінде лайықты және ізгі мінезді оқушы тәрбиелеу басым бағыты болып табылады, сондықтан мектептің тұтас білім беру үдерісінде тұлғаны рухани - адамгершілік тұрғысынан дамыту идеяларын кеңінен енгізу қажеттігі туындайды.

Мұғалім – ақыл кемістігін жоя отырып, жер бетінде бейбітшілік орнауын қамтамасыз етіп, өзін ұстай білуге үйретеді. Егер оқушы өзін нашар ұстаса, бір адамның мінезі азап шегеді, егер мұғалім өзін нашар ұстаса, бұл көп оқушының мінезіне зиян келтіреді. Ежелден мұғалімнің рөлі барлық әлем халықтарында ұлық болған, мұғалімнің міндеттері басқарушылар мен ата-аналардың міндеттерімен қатар құрметтелген.

Ежелгі заманда мұғалімдерді, адамдарға деген құрмет қатынастарын, өскелең ұрпаққа білім беру жауапкершілігін өз қолдарына алғандықтарын ескере отырып шеберлер деп атаған. Мұғалімдер кез келген қоғамда жоғары сұранысқа ие, себебі әлеуметтік ортаны қалыптастыру солардың қолдарында, олар өмірге жүзжылдықтан жүзжылдыққа болашақ ұрпақты даярлайды.

Оқу білімдерін меңгертумен қатар, педагог тұлғаның рухани-адамгершілік дамуына да жауапты екендігін ұмытпаған жөн. Мұғалімнің басты борышы дәл осында, өскелең ұрпақтың рухани әлемін тәрбиелеуде, адамның қоғамда өмір сүруінің моральдық нормалары мен ережелерін айқындауында болып табылады. Мұғалім бала кезден бастап баланың бойындағы жалпыадамзаттық құндылықтарды жарыққа шығарады, әлемге деген дұрыс қатынасқа дағдыландырады, мораль нормаларына және аружданға сәйкес өз мінез-құлқын түзетуге үйретеді, қоршаған ортаға қатысты ізгілік, құрмет, мейірімділік, қайырымдылық пен төзімділік қасиеттерімен өмір сүруге баулиды.

Мұғалімдердің тәрбие алушылар үшін жасайтын кішігірім ерліктері оқушылардың оларды өмір бойы жадыларында ұстауына мүмкіндік туғызады. Кез келген жағдайда өз шәкіртінің мұқтаждығына көмекке келе алатын шынайы мұғалім балалардың тағдырларында орасан зор рөлге ие болады және оның келбеті тіл алмайтын оқушының өзінің жүрек тереңінде мәңгілікке қалады.

Егер мұғалім іске және шәкіртке деген сүйіспеншіліктерін біріктіретін болса, онда ол – кемел мұғалім». Білім бастауы – мектепте. Өскелең ұрпақтың болашағына қажет рухани-адамгершілік білімнің ең маңызды іргетасын қалайтын, тәрбие беретін, білім беру жүйесінің негізгі буыны ол мектеп. Мектепті емес, мұғалімнің рухани әлемін реформалау маңызды.

Рухани-адамгершілік білім беру үдерісі мұғалімнің ойы, сөзі және ісі бірлікте болғанда ғана табысты болады. Расында, өзі шылым тарта тұра, мұғалім салауатты өмір салты туралы қанша кәсіби шеберлікпен айтса да, оның берген білімі шынайы емес, пайдасыз.

Ұстаздың ойы мен сөзі және ісі біріне - бірі қайшы болса, оның басқа әрекеттерінен ешбір нәтиже шықпайды. Шыдамды және қарапайым, бала жанын сүйетін қайырымды мұғалім оқушылардың бойында жақсы мінез-құлық тәрбиелеуде өмірлік маңызды рөл атқарады. Егер мұғалім өз ісіне жан-тәнімен беріліп, таза болса, мыңдаған бала жақсарады және ұлтымыз қайырымды мінезқұлыққа ие білімді мыңдаған ұл-қыздарға кенеледі.

Мұғалімнің тұлғалық, рухани-адамгершілік тұрғысынан дамуы туралы көрнекті ұстаз Ы.Алтынсарин былай деген: «Мұғалім – білім берудегі ең маңызды адам. Ең озық педагогикалық оқу құралдары, үкімет қаулылары, өте қатал инспекторлық бақылау маңызы жағынан мұғалім дәрежесімен теңесе алмайды. Сондықтан, мен үшін мұғалім әлемдегі барлық асыл заттардан қымбат». Қазіргі әлемдегі рухани-адамгершілік білім берудің басымдылығының мәнін ашу, адамзат өмірінде туындаған жаһандық мәселелердің басты себептерін анықтау, адамзаттың ең негізгі дағдарыстардан шығу жолдарын көрсету, қазіргі ұстаздардың басты міндеті болмақ.

Педагогикалық технологиялар білім мазмұнын саралауды, жеке бағдарлауды, оның белсенділік сипатын, оқу, танымдық, коммуникативті, практикалық, шығармашылық іс-әрекет тәсілдерін қалыптастыруға, оқушылардың осы іс-әрекеттің тәжірибесін алуға бағытталуын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді, негізгі құзіреттіліктерді қалыптастырады оқушылардың алған білімдерін, дағдыларын өмірде қолдануға мүмкіндік береді.

Педагогикалық технология әр түрлі жағдайлардағы нақты өзара іс-қимылдарды, жүйеленген, бағдарланған, оқыту және тәрбиелеу стандарттарына сай тәсілдер негізінде компьютер мен техникалық құралдар қолдану арқылы да ұйымдастырылады. Бүгінгі таңда білім беру жүйесінің құрылымдарында оқытудың айқындалған көптеген технологияларын пайдаланып жатқандығы белгілі. Болашақ маманға тәжірибе беруде ақпаратпен жұмыс істеу әдістеріне, жаңа білімдерді құру әдістеріне, ең маңыздысы – әлемнің дамуы туралы білімдердің қажетті деңгейін қалыптастыратын әдістерге үйрету.

Бүгінгі таңдағы білім беру – өсіп келе жатқан ұрпақтың ақыл-ойы мен дамуының, мәдениетінің деңгейін анықтаушы фактор. Білім берудің негізгі мақсатына қатысты қазіргі қоғамда жаңа ұғым пайда болды. Мұғалім ең алдымен оқушыда өзін-өзі дамыту қабілетін қалыптастыруға ат салысу керек. Өйткені, бұл тұлғаны ұлттық және әлемдік мәдениетке үйлесуге апаратын сара жол. Бүкіл дүние жүзіндегі болып жатқан осындай құндылықтардың өзгеруі жаңа ғасырға жас ұрпақты дайындау міндетімен байланысты. Біздің қоғамға жаңа мағлұматтарды қабылдап қана қоймай, оны ойлана отырып, ой елегінен өткізе білетін оқушылар керек.

Яғни, оқушылар мағлұматтар мен идеяларды өз беттерімен, тәуелсіз меңгеріп, осы алған мәліметтері пайдалы болатындай ойланулары керек.

Олар жаңа идеяларды әр түрлі көзқараспен зерттеп, шынайылығы мен пайдасын талқылап, идеяның жалпы құндылығын анықтай алулары қажет. Жиырма бірінші ғасырға аяқ басқан жас ұрпақты жарқын болашақта лайықты өмір сүруге жақсылап дайындау білім беру саласында қызмет атқарып жүрген кез-келген маман үшін кезек күттірмейтін мәселе.

ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУГЕ ҚАЗЕТТІЛІГІ БАР БАЛАЛАРМЕН АРНАЙЫ ТҰРМЫС БАҒДАР БОЙЫНША ЖҰМЫС БАҒЫТЫ

ЖАКИПОВА РАХАТАЙ АСИЛБЕКОВНА

Бастауыш сынып мұғалімі

Маңғыстау облысы Мұнайлы ауданы

«№ 7 жалпы білім беру мектебі» КММ

Бүгінгі таңда инклюзивті білім беруді қолдау бағытында жалпы білім беретін мектептерде белгілі себептермен ақыл — ой дамуында ауытқуы бар немесе психикалық дамуы тежелген оқушылар білім алуда. Әр оқушының білім алуда өз ерекшеліктері бар. Мәселен әр оқушының эмоционалдық және психикалық таным процестерінің дамуы деңгейі әртүрлі. Десекте қазіргі таңда әр оқушыға жеке тұлға ретінде қарап, саналы тәрбие сапалы білім беру өмір талабы болып табылады. Осы ретте мектебімізде әрбір мүмкіндігі шектеулі оқушының даму деңгейі мен жас ерекшелігі ескеріліп білім берілуде. Бүгінде еліміздің барлық аймағында мүмкіндігі шектеулі балаларға білім беруді қолдау негізінде жалпы білім беретін мектептерде түзете-дамыта оқыту сыныптары біртіндеп ашылып жатыр. Бұл сыныптың мақсаты: әр сыныптағы мүмкіндігі шектеулі оқушыларды бір сыныпқа топтастырып, әр оқушыға жекелеп сыныбы мен оқу бағдарламасына сай білім беру. Бұл сынып ашылғанымен өз алдына үлкен қиыншылықтары бар.

Себебі: бұл сыныпқа кей мектептерде әртүрлі сыныптан жиналған оқушылар оқиды. Екіншіден олардың жас ерекшелігі әртүрлі болғандықтан әр сыныпқа өзінің сыныбына сәйкес білім берілу керек. Үшіншіден білім беру бағдарламасының әртүрлілігі. Төртіншіден мұндай сыныпқа сабақ беретін пән мұғалімдерінің арнайы педагогикалық білім көлемінің аздығы. Осының нәтижесінде балаларды оқытудың бірінші сатысынан — ақ қиыншылықтарға тап болады. Мұғалімдер бұл қиыншылықтарды субъективті талдап бала дамуындағы кемістіктерін күрделендіреді.

Мұндай интеграцияның салдарынан балаларға жалпы білім беру жүйесі ретсіз дамуын жалғастырады. Инклюзив — сөзі латын тілінен аударғанда «өзімді қосқанда» ал, ағылшын тілінен аударғанда «араластырамын» деген мағынаны білдіреді. Инклюзивті білім берудің мақсаты:

Даму мүмкіндігі шектеулі балаларды қалыпты балалармен бірге білім беру. Яғни адамның жынысына, дініне, шығу тегіне қарамастан тең құқылы жеке тұлға ретінде білім беру жүйесі болып табылады. Инклюзивті білім беру- мүмкіндігі шектеулі балаларды оқытып-үйретудің бір формасы. Бұл арнаулы білім беру жүйесінде дәстүрлі түрде қалыптасқан және даму үстіндегі формаларды ығыстырмайды.

Нағыз инклюзивті білім берудің екі жүйесін жалпы және арнаулы жүйелерді бір-біріне жақындастырады. Жалпы білім беретін мектепте мүмкіндігі шектеулі оқушыларды бірлесіп (интеграциялы түрде) оқуын ұйымдастыру боп табылады.

Қазақстан Республикасының 11.07.2002 жылғы «Кемтар балаларға әлеуметтік-медициналық-педагогикалық-психологиялық түзеу арқылы қолдау туралы» № 343 заңы бойынша ПМПК сыныптары үйден оқыту, үйден әлеуметтік көмек көрсету, көмекші бағдарлама, арнайы (ПДТ) бағдарлама бойынша 5 түрлі куәлік беру ережелерін және мүмкіндігі шектеулі балаларды қорғау, қамқорлау, диагнозын анықтау, емдеу, оңалту, тәрбиелеу, оқыту, қатарға қосу мәселелері бойынша жаңадан шыққан заң, қаулы, ереже тәртіптерінде қаралған.

Инклюзивті білім беру – ерекше мұқтаждықты бар балаларды жалпы білім беретін мектептердегі оқыту үрдісін сипаттауда қолданылады. Инклюзивті оқыту-даму мүмкіндігі шектеулі балалардың қалыпты дамыған балалармен бірге әлеуметтендіру және интеграция процестерін жеңілдету мақсатындағы жеңілдетілген оқыту жүйесі.

Инклюзивті оқыту біріктірілген (оқушы қалыпты балалар сыныбында –тобында оқиды және дефектолог мұғалімнің жүйелі көмегін алады) , жартылай (жеке балалар күннің жарты бөлігі арнайы топтарда, ал екінші бөлігі) қарапайым топтарда өткізіледі. Уақытша арнайы топтардағы бала бірлескен серуендерді, мерекелерді, сайыстарды, жеке істерді, өткізу үшін біріктіріледі.

Толық дамуында ауытқулары бар балалар балабақшаның, сыныптың, мектептің қарапайым топтарына енгізіледі, мамандардың бақылауы бойынша түзету көмегін ата-аналар көрсетеді.

Даму мүмкіндігі шектеулі балалардың дүниетанымын кеңейтуді, олардың сезіне білу тәжірибесін байыта түсуді, балалардың сөйлеу және ақыл – ойының дамуын, танып білу әрекетіне дайын болуын қамтамасыз етеді. Оларды қоғамдық пайдалы өмірге бейімдеу, азаматтық қасиеттерін қалыптастыру. Бұлардың бәрі дефектіге сәйкес деңгейде, соған тән әдістемелермен жүргізіледі. Тәрбиенің бұл түрі тек педагогтармен ғана емес, арнайы логопед, психолог, дәрігер, әлеуметтік педагог, мамандардың көмегімен жүзеге асырылады.

Баланың қоғамға пайдалы азамат болып өсуіне көптен-көп септігін тигізетін пәндердің бірі – бейнелеу, қол еңбегі. Бұл пәндердің әр сыныпқа арнайы жеңілдетіп жасақталған бағдарламасымен жүргізіледі. Мұндағы негізгі мақсатымыз даму деңгейі шектеулі балалардың ой-өрісін, түсінігін, ұғымын, сөйлеу тілін дамытады. Ал бейнелеу өнері сабағында бала көрсетілген тақырыпқа байланысты сызбаны немесе сұлбаны сала білуге, оны сызықтан шықпай бояу, түстерін дұрыс таңдай отырып өз бетімен бояуға көмек көрсету. Бұл олардың қандай істі болса да атқара алатындықтарына сенімдерін арттырып, еңбекке деген ынтасын дамытады.

Төменгі сыныптарда мүсіндеу сабағынан саңырауқұлақтың үлгісін мүсіндеуде оның икемге келуіне, еңбекке баулу сабағында қайшыны дұрыс ұстап, түрлі-түсті қағаздан әртүрлі геометриялық пішіндерді үлкен, орташа, кішірек деген ұғымдармен танысып, оларды ретімен орналастырып жапсыруды үйренеді. Даму деңгейі шектеулі балалардың ойлау, сөйлеу, таным, физиологиялық дамуына математика, қазақ тілі, ана тілі, дүниетану және дене шынықтыру сабақтарында күнделікті сабақ кестесімен өткізілуі маңызды орын алады.

Айта кететін болсақ математика сабағында төменгі сыныптарда (2,3,4) 100-ге дейінгі сандар арасын қосу, азайту амалдарына есептер шығарту, сандарды салыстыру, теңестіру тақырыптары бойынша тапсырмаларды түсіндіру жұмыстары жүргізіледі. Ал жоғарғы сыныптарда (5,6,7,8) математикадан кестелік көбейту, қосындыны санға көбейту, бөлу амалдарын орындау, көпбұрыштардың, шаршының қабырғаларын өлшеу, периметрін есептеу оны шығару.

Ана тілі сабағында ертегілер, әңгімелер, мақал-мәтелдер, ал қазақ тілі сабағында дыбыс, әріп, буын, сөз, сөйлем, дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажыратуды үйрету. Жоғарғы сыныптарда дара және күрделі сөздер, сөйлем мүшелері, етістіктер, зат есімнің септелуі, тағы сол сияқты. Қазақ тілі пәні бойынша бағдарламада көрсетілген тақырыптарды меңгерту.

Дүниетану сабағында да қоршаған орта туралы бағдар- ламадағы барлық тақырыптар: техникалық құрлыс ой мен еңбек, мәдени тарихи мұралармен таныстыру.

Дене шынықтыру сабағының бала денсаулығындағы ақаулықтарға тигізетін пайдасы мол. Жеңіл дене жаттығулары секіру, тізбек құру, гимнастикалық жаттығулар, бір қатарда қойылған заттар арасымен жүру, қимылды ойындар. Күнделікті сабақ арасында баланың ойлауын дамыту үшін, дидактикалық ойындар да өткізіледі. “Орны ауыстырылып берілген сөздерден сөйлем құрау”, “Жоқ сандарды тап”, “Не қалай дыбыстайды?”, “Сөз ойла, тез ойла”, “Кім тапқыр?”, “Ұйқасын тап”.

Дамуы шектеулі балалардың тәрбиесіне де баса назар аударылады. Кемтар балалардың ата-аналары көмекші не арнайы мектептерге, арнайы интернаттарға немесе балабақшаға баласын бергісі келмесе жалпы балалар оқитын мектептерге ПМПК-ның ұсыныс бойынша жеңілдетілген бағдарлама бойынша оқытуға толық құқылы. Жалпы білім беретін мектептер, балалабақшалар ПМПК-ның қорытындысы бойынша көрсетілген баланың деңгейіне қарай жеңіл бағдарламамен білім беруге тәрбиешілермен мұғалімдер инклюзивті білім беруге дайын болғаны жөн. Инклюзивті оқыту негізінде балалардың қандай да бір дискриминациясын жоққа шығару, барлық адамдарға деген теңдік қатынасын қамтамасыз ету, сонымен қатар оқытудың ерекше қажеттілігі бар балаларға арнайы жағдай қалыптастырудың идеологиясы жатыр.

Тәжірибе көрсеткендей қатаң білім беру жүйесінен балалардың бір бөлігі шығып қалып жатады. Мұндай қалыптасқан жүйе баланың даралық қажеттілігін қанағаттандыра алмайды. Инклюзивті бағыт мұндай балаларды оқуда жетістікке жетуге ықпал етіп, жақсы өмір сүру мүмкіншілігін қалыптастырады. Инклюзивті оқыту- барлық балаларға мектепке дейінгі оқу орындарында мектеп және мектепке өміріне белсене қатысуға мүмкіндік береді.

Инклюзивті оқыту-оқушылардың тең құқығын анықтайды және ұжым іс-әрекетіне қатысуға мүмкіндік береді. Адамдармен қарым-қатынасына қажетті қабілеттілікті дамытуға мүмкіндік береді. Инклюзивті оқыту-барлық балалардың мұқтаждығын ескеретін ерекше қажеттілігі бар балалардың білім алуын қамтамасыз ететін жалпы білім үрдісінің дамуы.

ЕРЕКШЕ БІЛІМДІ ҚАЗЕТ ЕТЕТІН БАЛАЛАРДЫ ЕҢБЕККЕ ТӘРБИЕЛЕУ

АБУОВА АҚЗИЯШ АДІЛХАНОВНА

Бастауыш сынып мұғалімі

Маңғыстау облысы Мұнайлы ауданы

«№ 15 жалпы білім беру мектебі» КММ

Инклюзивтік білім беру – барлық балаларды жалпы білім процестеріне толық енгізу және әлеуметтік бейімделуге, жасына, жынысына, шығу тегіне, дініне, экономикалық статусына қарамай, балаларды айыратын барьерлерді жоюға; отбастарын белсенді қатыстыру, баланың түзетім-педагогикалық және әлеуметтік қажеттіліктерін арнайы қолдау, баланың емес, ортаның балалардың жеке ерекшелігіне және білімдік қажеттіліктеріне бейімделуі, яғни, жалпы білім беру сапасы сақталған тиімді оқытуға бағытталған мемлекеттік саясат. Ол проблеманы баладан емес, жүйеден көреді. Барлық балалар оқытуға жатады және мүгедектіктің әлеуметтік моделін қабылдайды. Бұл оқыту түрі оқу жоспарын және білім беру жүйесінің методологиясын икемді болуға, әр баланың қажеттілігін ескеруді айтады.

Бүгінгі таңда шет елдерін денсаулық және тұрмыстық жақтарынан мүмкіндіктері шектеулі оқушыларды интеграциялық оқыту тәжірибесі болғанына қарамастан, инклюзивті оқыту тек теория түрінде ғана жасалған. Қазақстанда және де басқа ТМД мемлекеттерінде бұл процестің құқықтық, ғылыми, оқу-әдістемелік, маманмен қамтамасыз етуі қарастырылмаған.

Дегенмен, жалпы білім беру жүйесінде интеграция проблемасы бар. Бұл академик В.И.Лубовскийдің сөзімен айтқанда «қажеттіліктен» туындаған интеграция. Оның себептері арнаулы мекемелердің болмауы немесе ол мекеменің бала мен отбасынан қашық жерде орналасуы, сонымен қатар ата-аналардың балаларын арнаулы мекемелерде оқытқылары келмеулері болып табылады.

Инклюзивтік оқытудың базалық құқықтың құжаты дамуында жетіспеушілік бар балаларға нәтижелі көмек құруға, оларды оқыту, тәрбиелеу, еңбекке және мамандыққа даярлау, бала мүгедектігін сауықтыруға бағытталған Қазақстан Республикасының мүмкіндіктері шектеулі балаларды «Әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзетімді қолдау» заңы болып отыр.

Қазіргі уақытта Ақтөбе облыстық білім Департаменті ауылдық жалпы білім беретін мекемелерде инклюзивтік оқыту шеңберінде шешілетін оның жаңалықтары, әлеуметтік маңыздылығын, проблеманың қиындығы мен жинақтылығын ескере қолдануға және арнаулы мектептері жоқ жерлерде келесі ұйымдастыру формаларын: жалпы білім беретін мектептердегі сыныптарда оқыту, яғни толық интеграцияны қолдануға кеңес беретін мектептердегі сыныптарда оқыту, яғни толық интеграцияны қолдануға кеңес береді.

Инклюзивтік оқыту сыныптары мектеп директорының бұйрығымен әр балаға оқытудың сай түрлерінің қажеттілігі туралы психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңестерімен ашылды. Ақыл және дене дамуының кемшілігінің байқалу дәрежесіне байланысты әр балаға өз екпінінде даму құқығы берілуі керек. Ерекше қажеттіліктегі балалар жалпы білім мектептерінің бағдарламасын толық немесе толық емес ауқымды алулары керек. Жалпы білім беретін мектептер мүмкіндіктері шектелген балалар үшін «өмірлік орнын толтырудың» тәрбие институты болуы керек. Оны оқуға, жазуға, есепке, еңбектенуге оқыта отырып, бірлестік қарым-қатынасын, мәдени тәртіп ережелерін үйренуін, әртүрлі әрекетте икемдерін қалыптастыру маңызды болып табылады.

Баламен және оның ата-аналарымен бірлестік, білім алу орталарын ұйымдастыруда психологиялық жайлылыққа жағдай жасау инклюзивтік оқытудың ең басты шарты.

Мүмкіндіктері шектеулі балалар үшін білім мазмұны дидактикалық талаптардан белгілі бостандық алулары, яғни, оқыту дифференциальды, балаға түсінікті, психологиялық-педагогикалық құралдар қолданылған және баланың жеке дамуының әлеуметтік-мәдениетін ере дамытатын болуы керек. Теориялық білім мен негізгі пәндер бойынша оқу жоспарының міндетті компоненті олардың практикалық дағдылары мен икемдері, сонымен қатар осылардың білім стандарттарымен және оқушылардың шынайы мүмкіндіктерімен сай келулерін, Қазақстан Республикасына білім және ғылым министрлігінің 02.3.04 №166 «Білім алушыларды аттестаттау

әдістемесінің ережелеріне» сай іске асыруға кеңес беріледі. Инклюзивті оқыту жалпы мектептің педагогынан басқаша дайындықты, жоғары мамандандырылуды, шығармашылықты және тәжірибені талап етеді. Өйткені баланың психикалық даму мәселесіне сауатсыздықпен қарау оның жеке басына қосымша кемістіктер пайда болуына себепкер болуы мүмкін. Сондықтан инклюзивтік оқыту тек жалпы мектептердегі педагог мамандардың арнайы дайындықтары мен қайта даярлықтары бар болған жағдайда ғана нәтижелі болмақ. Мұндай дайындықтардың мақсаты жалпы мектеп, балабақша педагогының дене және ақыл-есінің дамуында кемшілігі бар балаларды толық біліммен қамтамасыз ететін оқыту мен тәрбиелеудің негізгі әдістерін игеруі болып табылады.

Инклюзивтік оқыту жағдайындағы арнайы түзетім көмектерін беретін педагог-дефектологтар жалпы білім беретін мектептердің тәрбиешілері мен мұғалімдеріне нұсқаушылар болулары керек. Мүгедек және дамуларында шектеушілік бар балаларды инклюзивтік оқыту практикаға мамандандырылған мамандарды даярлау, оларды жалпы түрдегі мекемелерде оқыту үшін жағдайлар жасау және қоғамның мүгедек балаларға деген көзқарастарын өзгертумен бірте-бірте енгізілуі керек.

Қазіргі кезде мектептерде кемтар балаларды қамқорлыққа алып, олардың қалыптасуына және айығуына мүмкіндік жасап, өз бетімен өмір сүруіне бағыт-бағдар беруге арнайы дайындық жүргізілуде. Кемтар балалардың білім деңгейін көтеріп, өмірге қажетті білім дағдысын тәртібін қалыптастыруға байланысты түрлі шаралар жасалуда. Бұл балаларды оқытатын мұғалімдердің алдына үш түрлі міндет қойылады:

1. Баланың мектепке дайындығын анықтау
2. Тәрбиесіндегі кемістігін жою.
3. Сабақты жүйелі жоспарлау.

Баланың мектепке дайындығын анықтау үшін оларды жазу, сызу, оқуға үйретпес бұрын олардың қабілеті бойынша жеке ерекшелігін, психологиялық дайындық байқау керек.

Белгілі психологтар Д.В.Эльконин, В.В.Давыдов, Р.С.Немов зерттеулері бойынша баланы жүйелі оқыту үшін психологиялық дайындығына ерекше назар аудару керек дегенді атап айтады. Қазір мектептерде коррекциялық сабақтар жүргізіле бастады. Коррекция дегеннің өзі «түзету» деген мағына береді. Бұның басты мақсаты – бала бойындағы, тәртібіндегі кемшіліктерді түзету.

Ол баланың өзіне 1) сенім; 2) көз жеткізу; 3) кеңес беру; 4) психоанализ; 5) логотерапия; 6) аутотренинг сияқты методикаларды қабылдау арқылы жүзеге асырады.

Үйден оқитын балаға сабақ беретін мұғалім алдымен баланың даму ерекшелігін анықтайтын тесттер арқылы ойынның, қиялының, зейінінің тұрақтылығын анықтап алу керек. Ол үшін «Дөңгелек кию», «Лабиринт», «Танграм», «Көру әдісі», «Есту әдісі» тәрізді тесттерді қолданып, баланың шамашарқын анықтап алады. Сабақ барысында баланың тіл мүкісін, қолының буындарының қимылын, саусақтарының моторикасын дамытуға ерекше көңіл бөліп отыру қажет.

Осы бағытта қазақтың халық педагогикасының алатын орны ерекше. Қазақ халқы санамақ, жұмбақ, жаңылтпаштар арқылы баланың сөйлеуге деген ынтасын ашып, қабілетін арттырып отырған. Баланың байланыстырып сөйлеуіне жануарлар, олардың төлдері туралы өлең, тапқақ ертегілерді көп қолданған. Мүмкіндігі шектеулі балалардың ата-анасы көмекші не арнайы мектептер мен мектеп интернаттарға, психологиялық-педагогикалық түзу кабинеттері мен сыныптарға балаларын бергісі келмесе, жалпы балалар оқитын мектептерге ПМПК-ң ұсынысы бойынша жеңілдетілген бағдарламамен оқытуға толық құқылары бар.

Ол үшін жалпы мектептер ПМПК-ң қорытындысы бойынша көрсетілген, яғни баланың деңгейіне қарай жеңілдетілген бағдарламамен кемтар балаларды тәрбиелеуге және инклюзивті оқытуға жалпы мектептерде арнайы мұғалімдер болмаған жағдайда мұғалімдерді мүмкіндігі шектелген, кемтар, мүгедек балаларды инклюзивті оқыту – ерекше мұқтаждықтары бар балалардың жалпы білім беретін мектептердегі оқыту үрдісін сипаттауда қолданылады.

Инклюзивті оқыту – барлық балалардың мұқтаждықтарын ескеретін, ерекше қажеттіліктері бар балалардың білім алуын қамтамасыз ететін жалпы білім үрдісінің дамуы. Инклюзивті оқыту балалардың оқу үрдісіндегі қажеттіліктерін қанағаттандырып, оқыту мен сабақ берудің жаңа бағытын өңдеуге талпынады.

ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУГЕ ҚАЖЕТТІЛІГІ БАР БАЛАЛАРМЕН ТҮЗЕТУ-ДАМУ ҮРДСІНДЕ АРНАЙЫ ПЕДАГОГ ПЕН АТА-АНАЛАРДЫҢ ӨЗАРА ІС-ӘРЕКЕТІ

ЯКУДАЕВА КУЛСИН КЕНЕСОВНА

Бастауыш сынып мұғалімі

Маңғыстау облысы Мұнайлы ауданы

«№ 15 жалпы білім беру мектебі» КММ

Қазіргі таңда әр оқушыға жеке тұлға ретінде қарап, саналы тәрбие сапалы білім беру өмір талабы болып табылады. Осы ретте мектебімізде әрбір мүмкіндігі шектеулі оқушының даму деңгейі мен жас ерекшелігі ескеріліп білім беріледі.

Бүгінде еліміздің барлық аймағында мүмкіндігі шектеулі балаларға білім беруді қолдау негізінде жалпы білім беретін мектептерде түзете-дамыта оқыту сыныптары біртіндеп ашылып жатыр. Бұл сыныптың мақсаты: әр сыныптағы мүмкіндігі шектеулі оқушыларды бір сыныпқа топтастырып, әр оқушыға жекелеп сыныбы мен оқу бағдарламасына сай білім беру.

Бұл сынып ашылғанымен өз алдына үлкен қиыншылықтары бар.

Себебі: бұл сыныпқа кей мектептерде әртүрлі сыныптан жиналған оқушылар оқиды.

Екіншіден олардың жас ерекшелігі әртүрлі болғандықтан әр сыныпқа өзінің сыныбына сәйкес білім берілу керек. Үшіншіден білім беру бағдарламасының әртүрлілігі. Төртіншіден мұндай сыныпқа сабақ беретін пән мұғалімдерінің арнайы педагогикалық білім көлемінің аздығы.

Осының нәтижесінде балаларды оқытудың бірінші сатысынан – ақ қиыншылықтарға тап болады. Мұғалімдер бұл қиыншылықтарды субъективті талдап бала дамуындағы кемістіктерін күрделендіреді. Мұндай интеграцияның салдарынан балаларға жалпы білім беру жүйесі ретсіз дамуын жалғастырады.

Даму мүмкіндігі шектеулі балаларды қалыпты балалармен бірге білім беру. Яғни адамның жынысына, дініне, шығу тегіне қарамастан тең құқылы жеке тұлға ретінде білім беру жүйесі болып табылады. Инклюзивті білім беру- мүмкіндігі шектеулі балаларды оқытып-үйретудің бір формасы.

Бұл арнаулы білім беу жүйесінде дәстүрлі түрде қалыптасқан және даму үстіндегі формаларды ығыстырмайды. Нағыз инклюзивті білім берудің 2 жүйесін жалпы және арнаулы жүйелерді бір-біріне жақындастырады.

Инклюзивті білім беру – ерекше мұқтаждықтары бар балаларды жалпы білім беретін мектептердегі оқыту үрдісін сипаттауда қолданылады. Инклюзивті оқыту-даму мүмкіндігі шектеулі балалардың қалыпты дамыған балалармен бірге әлеуметтендіру және интеграция процестерін жеңілдету мақсатындағы жеңілдетілген оқыту жүйесі.

Инклюзивті оқыту біріктірілген (оқушы қалыпты балалар сыныбында –тобында оқиды және дефектолог мұғалімнің жүйелі көмегін алады) , жартылай (жеке балалар күннің жарты бөлігі арнайы топтарда, ал екінші бөлігі) қарапайым топтарда өткізіледі. Уақытша арнайы топтардағы бала бірлескен серуендерді, мерекелерді, сайыстарды, жеке істерді, өткізу үшін біріктіріледі.

Толық дамуында ауытқулары бар балалар балабақшаның, сыныптың, мектептің қарапайым топтарына енгізіледі, мамандардың бақылауы бойынша түзету көмегін ата-аналар көрсетеді. Кемтар балалардың ата-аналары көмекші не арнайы мектептерге, арнайы интернаттарға немесе балабақшаға баласын бергісі келмесе жалпы балалар оқитын мектептерге ПМПК-ның ұсыныс бойынша жеңілдетілген бағдарлама бойынша оқытуға толық құқылы.

Жалпы білім беретін мектептер, балалабақшалар ПМПК-ның қорытындысы бойынша көрсетілген баланың деңгейіне қарай жеңіл бағдарламамен білім беруге тәрбиешілермен мұғалімдер инклюзивті білім беруге дайын болғаны жөн. Инклюзивті оқыту негізінде балалардың қандай да бір дискриминациясын жоққа шығару, барлық адамдарға деген теңдік қатынасын қамтамасыз ету, сонымен қатар оқытудың ерекше қажеттілігі бар балаларға арнайы жағдай қалыптастырудың идеологиясы жатыр. Тәжірибе көрсеткендей қатаң білім беру жүйесінен балалардың бір бөлігі шығып қалып жатады. Мұндай қалыптасқан жүйе баланың даралық қажеттілігін қанағаттандыра алмайды.

Инклюзивті бағыт мұндай балаларды оқуда жетістікке жетуге ықпал етіп, жақсы өмір сүру мүмкіншілігін қалыптастырады.

Инклюзивті оқыту- барлық балаларға мектепке дейінгі оқу орындарында мектеп және мектепке өміріне белсене қатысуға мүмкіндік береді. Инклюзивті оқыту-оқушылардың тең құқығын анықтайды және ұжым іс-әрекетіне қатысуға мүмкіндік береді. Адамдармен қарым-қатынасына қажетті қабілеттілікті дамытуға мүмкіндік береді.

Инклюзивті оқыту-барлық балалардың мұқтаждығын ескеретін ерекше қажеттілігі бар балалардың білім алуын қамтамасыз ететін жалпы білім үрдісінің дамуы. Инклюзивті білім беру балалардың оқу үрдісіндегі қажеттіліктерін қанағаттандырып, оқыту мен сабақ берудің жаңа бағытын өңдеуге талпынады. Егер инклюзивті оқытудың оқыту мен сабақ беруге енгізілген өзгерістері тиімді болса, онда ерекше қажеттіліктері бар балалардың жағдайын да өзгереді. Инклюзивті білім беруді ашқан мектептерде оқыған балалар адам құқығы туралы білім алуға мүмкіндік алады.

Инклюзивті оқыту балаларды жалпы білім беру үрдісіне толық енгізу және әлеуметтік бейімделуге, жынысына, шығу тегіне, дініне қарамай балаларды айыратын кедергілерді жоюға ата-аналарын белсенділікке шақыруға балалардың түзеу-педагогикалық және әлеуметтік қажеттіліктерін арнайы қолдау, қоршаған ортаның балаларды жас ерекшеліктеріне бейімделуіне жағдай қалыптастыру, яғни жалпы білім беру сапасы сақталған тиімді саясат.

Мүмкіндіктері шектеулі балалардың мінез құлқындағы кемшіліктерді түзету, орнына келтіру, дамыту – педагогика жүйесіндегі балалардың оқыту мен дамытудың маңызды құралдас бөлігі болып табылады. Ол үшін оқу үрдісін жаңартып, оқытудың жаңа педагогикалық технологияларын кеңінен қолдана сабақты түрлендіре отрудің маңызы зор. Сол технологиялардың бірі-педагогикалық ойындар.

Педагогикалық ойындар оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырудың тиімді жолы болып табылады. Ойын оқушылардың ойлау қабілетін дамытып, есту, қабылдау сезімдерінің жетілуіне, кез келген нәрсеге мән бере қарауға, абайлау, бағдарлау, тағы басқа дағдыларының ұштала түсуіне себепкер болады. Педагогикалық ойындардың түрлері көп. Олар: іскерлік, интеллектуалдық, сюжеттік, рөлдік, драматизациялық, дидактикалық тағы басқалары.

Ойын – адамның өмір танымының алғашқы қадамы. Сондықтан ойын арқылы балалар өмірден көптеген мәліметтер алып білімін жетілдіреді. Ойнай жүріп балалар қоршаған орта жайлы білімдерін толықтырады, дербес шешім қабылдауға дағдыланады, ойлау барысында ұтқырлық пен тапқырлық танытады. Ойын әсері арқылы бала өз қасиетін қалай қанағаттандыра алатынын, қандай қабілеті бар екенін байқап көреді. Түрлі ойындар баланың тапқырлығын, байқағыштығын, зейінділігін арттырумен қатар ерік сезім түрлерін де дамытады.

Жалпы баланы қоғамға бейімдеу мен оқытуда ерте диагностикалау мен түзету маңызды. Мүмкіндіктері шектеулі балалардың үйде білім алуын қамтамасыз ету, жай және арнайы мектептерде оқуға мүмкіндігі жоқ балаларды қашықтықтан оқытуға жағдай жасау мемлекеттің басты мақсаттарының бірі болып табылады.

Мектеп психологі білім беру ісінде әр оқушының үлгермеу себебін анықтап, мүгедек баланың нақтамасына қарай жұмыс жүргізсе бұл да түзету жұмысының бір қыры болары сөзсіз. Әр оқушымен жеке жұмыстану. Осындай орталықтар жұмысын жүйелеп отыратын, мүмкіндіктері шектеулі балалармен жұмыс істейтін медициналық-педагогикалық орталықтарды көптеп ашса, кемтар балаларды зор қуанышқа бөлер еді. Бүгінде денсаулықты нығайту және мүгедектікке әкеп соғатын патологияларды азайту мәселесінде, ең алдымен балалардың бойындағы ауытқушылықтарды, олардың сәби кезінде уақтылы анықтау бойынша жұмыс күшейтілді.

Мысалы, кемтар балалардың үштен бірінің мүгедектігі – туа біткен кемістіктердің әсері болуымен байланысты. Қорыта келгенде, бастауыш сыныптың оқу үрдісінде «ойын» түрлерін пайдалану, біріншіден, оқушылардың білімін берік меңгерту құралы болса, екіншіден, балалардың сабаққа деген қызығушылығын, белсенділігін арттырып, білім сапасын көтеру болып табылады.

“Дені сау адам-табиғаттың ең қымбат жемісі” деп тегін айтылмаған ғой, осы өзгерістер арқылы – мүгедек балалардың ата-аналары балдырғандарының отбасына етене араласуына үміттері қайта оянып, өз балдары ешкімнен кем еместігін, қоғам бұған бей-жай қарамайтынын түсінеді. Бала-адамның бауыр еті, бала десе еміренбейтін жүрек, сыздамайтын балтыр бар ма? Қай ата-ана өз баласының өзгелерден оқшау оқып, білім алғанын қалар дейсің...

ЗАМАНАУИ ТӘРБИЕ: ҰЛТТЫҚ ЖӘНЕ ЖАЛПЫАДАМЗАТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

ҚАЛБАЕВА АЙГУЛЬ АЛИШЕРОВНА

Директордың бастауыш сыныптар бойынша оқу ісінің орынбасары

Түркістан облысы Түркістан қаласы

«М.Пошанов атындағы № 21 жалпы білім беретін мектеп» КММ

Білім беру жүйесі - сабақтастығы бар білім беру бағдарламалары мен әр түрлі деңгей мен бағыттағы мемлекеттік білім беру стандарттары жүйесінің, оларды әртүрлі ұйымдастыру құқықтық формадағы, типтегі және түрдегі білім беру мекемелерінде іске асырушы тармақтардың, сонымен бірге білім беруді басқару.

Бүгінгі таңда жүзден астам білім беру технологиялары бар. Сондықтан баланың білім алуға деген құштарлығын ояту үшін қазіргі заманда мұғалім көп ізденіп, сабақтың тиімді өтуіне жұмыс жасауы қажет.

Білім сапасы оқушының білімге деген құштарлығымен, қызығушылығына тікелей байланысты. Диалогтік оқыту арқылы оқушылардың қызығушылығы артып, олардың білім деңгейі көтеріліп, сөйлеу мәдениеті қалыптастасады.

Мұғалімдер оқытудың диалогтік әдістерін енгізуге арналған тәсілдерді тиімді педагогиканың бөлігі ретінде қарастырады. Мысалы, жауап алу және топпен жұмыс жасау арқылы. Тиімді педагогиканың басты тәсілі - әр оқушыны жеке тұлға ретінде қарастыру. Мұғалімнің міндеті барлық оқушылардың білім алу, мақсатқа жету мен сынып өміріне қатысу қабілеттерін арттыру үшін оны тұлға ретінде дамытуға ерекше назар аудару болып табылады.

Әңгімелесу мұғалімдер балалардың оқуға деген ынтасын оята алатын пәрменді тетік. Сыныпта диалогті қолдану арқылы мұғалімдер балалардың білім алу сапасына үлкен ықпал ете алады. Балалардың білімі мен идеясын анықтауға бағытталған шынайы әрекет оларды оқыту үдерісіне мейлінше тартуға көмектеседі. Диалогтік әдістерді қолдану саласындағы теориялық білім, оларды жауап алу, шағын топтардағы жұмыс сияқты түрлерде қолдану балалардың білімін жақсартуына мүмкіндік береді.

Оқушының білім деңгейін дамытуға әлеуметтік қолдау көрсетуде мұғалімнің рөлі ерекше. Егер де оқушылар көп оқыған, көп білетін адамдар мен және бұл рөлдер де сыныптастарымен мұғалімдері, достары, ата-аналарымен диалог жүргізуге мүмкіндік жасап, сұхбаттасып отырған жағдайларда білім беру жеңілдірек болмақ.

Қазіргі кездің өзінде оқушылардың бірлескен сұхбаты үлкен пайда әкелетініне көптеген дәлелдер бар. Оқушылардың тақырып бойынша өз ойларын білдіруге мүмкіндік береді, әртүрлі пікірлерді оқушылардың түсінуіне көмектеседі, оқушылардың өз ойларын, ұсыныстарын, көзқарастарын дәлелдеуіне көмектеседі.

Мұғалім жағынан білім беру барысында сұрақ қою арқылы оқушылардың білім деңгейін түсінуге мүмкіндік туады. Пікір алмасу оқушылармен диалог құру арқылы іске асады. Мерсердің зерттеуіне сәйкес, әңгімелесу оқушылардың білім алуының ажырамас бөлшегі болып табылады және әңгімелесудің үш түрі бар.

1. әңгіме-дебат
2. топтық әңгіме
3. зерттеушілік әңгіме

Осылардың ішінен мен сабағымда жиі қолданылатыным топтық әңгіме және зерттеушілік әңгіме. Барнс пен Мерсер зерттеушілік әңгіме мұғалімдердің оқушыларды әңгімеге тарту кезінде оларды өзара дамыту қажет болып табылатын әңгіменің түрі деп айтқан.

Ендеше, оқушылардың өзара әрекет дағдыларын дамытудың бір тәсілі топтарға берілген ортақ проблемалар арқылы түйінді шешімге келетіні анықталды. Мысалы, мәтіндерді оқып олардың негізгі идеясын анықтауда өзара кеңесіп, талдап, талқылап ортақ шешімге келіп, түсіндірді. Кластерге түсіріп, тақырыптарын қорғады.

Оқушылардың өзара әрекет дағдыларын дамытудың тағы бір тәсілі оқушылардың бір-біріне сұрақ қоюы. Егер де сұрақ дұрыс қойылған болса сабақ берудің, білім берудің тиімді құралына айналып, оқушылардың білім алуына жағдай жасайды.

Оқушылардың тақырыпты түсінуіне қол жеткізу үшін мұғалімдер қолданатын сұрақтың екі түрі бар: төмен дәрежелі сұрақ қою және жоғары дәрежелі сұрақ қою болып табылады.

Сұрақты оқушылардың білім алу қабілеттеріне сәйкес құр, іс қажет және түрлі мүмкіндіктеріне қарай оқушылардың білім деңгейіне қарай сұрақтарды саралауға болады. Оқушының білім алуын қолдау үшін сұрақтар түрткі болу, сынақтан өткізу және қайта бағыттау сұрақтары болуы мүмкін.

Түрткі болуға арналған сұрақтар бірінші жауап алу үшін және оқушының жауабын түзету үшін қажет. Сұрақты қарапайым етіп қою өткен тақырыпқа оралу ойға салу, дұрысын қабылдап және толық жауап беруге жол сілтейді. Сынақтан өткізу сұрақтары оқушыларға толық жауап беруге, өз ойларын анық білдіруге, өз ойын дамытуға көмектесетіндей болып құрылады.

Қайта бағыттау сұрақтары басқа оқушыларға сұрақты қайта бағыттау.

Сабақта диалогты оқыту оқушыларды тақырып бойынша сындарлы сөйлеуге ынталандырады, қызығушылығын анықтайды, білімге деген құштарлығын дамытады, зерттеуге жол ашады, сыни тұрғыдан ойлауға көмек береді, бірін бірін тыңдауға, пікірлерін құрметтеуге, бағалауға, ойларын жинақтауға, саралап қорытындылауға мүмкіндік болады.

Басында қойылатын сұрақтар ғана емес, сонымен оқушылардың жауаптарымен мұқият танысқаннан кейін туындайтын сұрақтың да маңызы зор. Диалогты әңгімеде мұғалім сұрақтары және оларға берілген жауаптар ғана емес, сонымен қатар оқушылардың сұрақтары да маңызды.

Тіл үйренуші үшін диалогтың маңызы өте зор. Күнделікті бала өмірінде жиі қолданыста жүрген сөздерді пайдалана отырып сөйлесу тілді тез меңгеруге мүмкіндік береді. Қазақ тілінде сөйлеуге үйрету сапалы болу үшін диалогты әр түрлі жағдаятта ұйымдастыру керек. Әсіресе, жұп пен жұптың, топ пен топтың арасындағы диалогтарды енгізген ұтымды. Оқушылар тілдесу арқылы ой бөліседі, жөн сұрасады. Оқушылардың ауызекі сөйлеу тілін дамытатын әдістердің бір түрі топтық жұмыс болып табылады. Бала алдымен тапсырманы жеке орындайды, содан соң жұпта, топта талқылайды. Яғни, олардың шығармашылық белсенділіктері дамиды, өз ойларын толық жеткізуге машықтанады, сөздік қорлары молаяды.

Мұғалім баланың алған білімі жөнінде тереңірек мәлімет ала алады. Диалогтік әдісті жұппен жүргізген тиімдірек пе деп ойлаймын. Жақсы оқитын оқушылар мен нашар оқитын оқушылар бір жұпта жұмыс жасауда нашар оқитын оқушылар жақсы жауап береді. Оқушылар бір-бірін білім алуға жетелейді. Жұппен талдау жасап болғаннан кейін оқушылар өз түсінгендерін топпен талқылап, өз дәлелдерімен пікір алмасады. Бұл оқушылардың өзара топтық әңгіме арқылы ой-пікірлерін қалыптастырып, сыни тұрғыдан ойлауын дамытады.

Сабақ барысында оқушыларға әр түрлі мазмұндағы сұрақтар қоюға тырыстым. Әсіресе сұрақтардың оқушы ойлауын дамыту мақсатында қойылуына ерекше назар аударамын. Бұл әдісті сабақтың кезеңдерінің барлығынан көруге болады.

Жаңа тақырыпқа көшпес бұрын СТО модулінің «Ой қозғау» әдісі бойынша сұрақтар қойып, жаңа тақырыпты ашуда, бекіту кезеңінде «Блиц» турнир өткізіп, рөлдік ойындар кезінде, бағалау, рефлексия өткізуде сұрақ-жауап әдісі қолданылады.

Жаңа білім алу үрдісі оқытушы мен оқушыға шығармашылықпен жұмыс жасауға итермелейді, себебі оқушы білімді өздігінен іздену арқылы алу керек болса, мұғалім оқушының білім алуына себептер, жағдайлар тудыру керек. Ол үшін мұғалімнің сабақты жан-жақты дайындауы қажет, сабақ үстінде қандай болмасын оқушы тарапынан әртүрлі сұрақтар туындау мүмкін сол жерде мұғалім қажетті бағдар беріп жіберуіне тура келеді. Күнделікті жұмыс нәтижесінде, сыныпта ынтымақтастық ахуал қалыптасып, білімге құштарлықтары артты, әр күнгі өткізілетін сабақтар балалардың көңіл күйлеріне оң әсерін берді. Ынтымақтаса жұмыс істей отырып, олар бір нәтижеге жетудің маңыздылығын сезінді.

Қорыта келе, оқушылардың білетін, білмейтіндігін анықтау үшін жақсы қарым-қатынас, тілдік дағдыларының болуын талап етеді. Әңгімелесу пәрменді құрал болып табылады, оның көмегімен мұғалім оқушылардың оқу үдерісін қолдай және дамыта алады. Сыныпта диалогті пайдалану арқылы мұғалімдер оқушылардың білім сапасына ерекше оң әсер ете алады.

БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ ҚОЛДАНЫЛАТЫН ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

БЕКМАНОВА АЙГУЛ САЙЛАУОВНА

Директордың бейіндік ісі жөніндегі орынбасары

Түркістан облысы Түркістан қаласы

«М.Пошанов атындағы № 21 жалпы білім беретін мектеп» КММ

Қазақстанның бәсекеге қабілетті, қуатты мемлекет болып қалыптасуын қамтамасыз ететін негізгі факторлардың бірі және оның дамуының өзегі – білім беру жүйесі. Білім беру жүйесінің алдында тұрған басты міндет – білім сапасының бәсекеге қабілеттілігін арттыру, бұл өз кезегінде азаматтардың кез келген салада бәсекеге қабілетті болуын талап етеді.

Заманауи білім беру дегеніміз – оқушыны өз пәнінен ғана оқытып қоймай, өмірде қадамын нық басуға, қоғамнан өз орнын адаспай табуға, Абай атамыз айтқандай «Дүниедегі кетікке кірпіш болып қалана білуге» үйрету. Мұғалімге берілген жаңа талап: оқытуда жаңа идеяларды әр сабақта жан-жақты қолданып, жаңаша оқытудың тиімді жолдарын тауып, жүйелі түрде қолдану. Оқытудың парадигмасы өзгерді. Білім берудің мазмұны жаңарып, жаңаша көзқарас пайда болды.

Осыған байланысты ұстаздар алдында оқытудың әдістәсілдерін үнемі жаңартып отыру және технологияларды меңгеру, оны тиімді қолдана білу міндеті тұр. Білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты – білім мазмұнының жаңаруымен қатар, критериялы бағалау жүйесін енгізу және оқытудың әдістәсілдері мен әртүрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруды талап етеді.

Қазіргі уақытта педагогикалық технология ұғымы педагогикалық лексикаға мықтап енген. Технология-бұл кез-келген бизнесте, шеберлікте, өнерде қолданылатын әдістердің жиынтығы. "Педагогикалық технология" ұғымының көптеген анықтамалары бар. Соның ішінде негізгілері: бұл мұғалімнің іс-әрекетінің құрылысы, онда оған кіретін барлық әрекеттер белгілі бір дәйектілік пен тұтастықта ұсынылған, ал орындау қажетті нәтижеге жетуді көздейді және болжамды сипатқа ие. Бүгінгі таңда жүзден астам білім беру технологиялары бар. Жаңа психологиялық-педагогикалық технологиялардың пайда болуының негізгі себептерінің арасында мыналарды бөлуге болады:

- білім алушылардың психофизиологиялық және жеке ерекшеліктерін тереңірек есепке алу және пайдалану қажеттілігі;

- тиімділігі төмен ауызша сөзді ауыстырудың шұғыл қажеттілігін түсіну

- жүйелі-әрекеттік тәсілмен білім берудің (ауызша) тәсілі;

- кепілдендірілген оқу нәтижелерін қамтамасыз ететін оқу процесін, мұғалім мен оқушы арасындағы өзара әрекеттестіктің ұйымдастырушылық формаларын жобалау мүмкіндігі.

Неліктен соңғы жылдардағы жаңалықтар күтілген нәтиже бермеді? Бұл құбылыстың себептері көп. Олардың бірі таза педагогикалық-мұғалімнің инновациялық біліктілігінің төмендігі, атап айтқанда дұрыс кітап пен технологияны таңдай алмау, енгізу экспериментін жүргізу, өзгерістерді диагностикалау. Кейбір мұғалімдер инновацияға әдістемелік тұрғыдан дайын емес, басқалары психологиялық, басқалары технологиялық тұрғыдан дайын емес.

Мектеп бағдарламаларға, оқулықтарға және оқу құралдарына енгізілген ғылыми шындықтарды игеруге бағытталған және солай болып қала берді. Барлығы мұғалімнің билігінің үстемдігімен расталады. Оқушы оқу процесінің маңызды субъектісі болып қала берді. Соңғы жылдары мұғалімдер жаңа технологияларға бет бұра бастады, жеке тұлғаға бағытталған, адамгершілікке және басқа да әлеуметтік бағыттарға. Бірақ ең маңызды мәселе-таным процесінің өзі өзінің маңыздылығын жоғалтуда. Мектепке барғысы келмейтін мектеп жасынадағы балалар саны артып келеді.

Оқытудың оң мотивациясы төмендеп, балаларда қызығушылық, таңдану, қалау белгілері жоқ.

Бір ғана технология әр түрлі мұғалімдермен іске асуы мүмкін, бірақ оны іске асыру ерекшеліктерінде олардың осы педагогикалық шеберлігі және кәсіби іскерлігі көрінеді

Кейде "Шебер" мұғалім өз жұмысында бірнеше технологияның элементтерін қолданады, өзіндік әдістерді қолданады, бұл жағдайда осы мұғалімнің "авторлық" технологиясы туралы айту керек. Технология жасау шығармашылықсыз мүмкін емес.

Педагогикалық технологияны өте жақсы меңгеру дегеніміз өзі – шеберлік.

Технологиялық деңгейде жұмыс істеуді үйренген мұғалім үшін оның дамып келе жатқан жағдайындағы танымдық процесс әрқашан басты бағдар болады.

Оқу процесінде репродуктивті іс-әрекеттің үлесін азайту (жадта қалғандарды көбейту) арқылы баланың жеке дамуын қамтамасыз ететін заманауи білім беру технологияларын қолдану білім сапасын арттырудың, оқушылардың жүктемесін төмендетудің және оқу уақытын тиімді пайдаланудың негізгі шарты ретінде қарастырылып жатыр. Қазіргі білім беру технологияларының қатарына мыналарды жатқызуға болады:

- дамытушылық оқыту;
- проблемалық оқыту;
- көпдеңгейлі оқыту;
- ұжымдық оқыту жүйесі;
- өнертапқыштық міндеттерді зерттеу технологиясы ;
- оқытудағы зерттеу әдістері;
- жобалық оқыту әдістері;
- оқытуда ойын әдістерін қолдану технологиясы: рөлдік, іскерлік және оқыту ойындарының

басқа түрлері;

Әрбір мұғалімнің алдына қазіргі кезде қойылатын талап өте үлкен болып отыр.

Мұғалім өзінің инновациялық іс -әрекетін қалыптастыруы, оны меңгеріп, сол жаңа педагогикалық технологияларды оқу-тәрбие үрдісінде жүйелі қолдануы арқылы оқушылардың білім деңгейін арттыруы қажет. Педагогикалық технологиялардың тарихын, оның пайда болуын және құрылымдық ерекшеліктерін қарастыру педагогикалық құрылымды түсінуге мүмкіндік береді.

Қазіргі уақытта адамзаттың дамуы білім деңгейіне байланысты , қоғамның дәйекті даму режиміне көшу екі-үш ұрпақты алға тарта отырып, жаңа білім беру технологияларын енгізуді қажет ететінін түсіну өте маңызды. Өмір салтын баяу өзгертетін және дамытатын білім беру жүйелері қоғамның дамуына кедергі болады.

Жаңартылған білім беру жүйесінің алдында тұрған қазіргі заманғы психологиялық-педагогикалық міндеттерді шешу үшін оқу мақсаттарының басымдықтарын түбегейлі өзгерту қажет, білім алушы тұлғасының қалыптасуын, оның жеке қабілеттерін ашуды, ақыл-ой мен шығармашылық белсенділікті дамытуды қамтамасыз ететін Даму функциясын бірінші орынға қою керек, бұл олардың психологиялық дайындығының маңызды шарты болып табылады.

Қазіргі уақытта педагогикалық технологиялар психодидактика, психология, кибернетика, Менеджмент және менеджмент теорияларына негізделеді және алдын-ала жасалған педагогикалық процестің тәжірибесінде жүйелі және дәйекті көрініс ретінде түсіндіріледі.

Педагогикалық іс-әрекеттердің, операциялардың, коммуникациялардың технологиялық тізбегі нақты күтілетін нәтиже түрінде болатын мақсатты қондырғыларға сәйкес қатаң түрде құрылады. Алайда, кез - келген білім беру технологиясы жетістікке кепілдік бермейді. Ең бастысы тиімді білім беру технологиялары мен мұғалім тұлғасының үйлесімі. Сонымен, оқыту технологиясы сабақ беру әдістемесімен салыстырғанда, оқушылардың өздерінің іс-әрекетін ұйымдастыру тәсілдері және мазмұнын өндіруді көрсетеді. Олар диагностикалық білім маңыздылығын және оқыту процесінің қасиеттерінің жалпы оқушылардың тұлғасын дамытуға бағытталған объективті бақылауын қажет етеді . Педагогикалық технологиялар білім мазмұнын саралауды, жеке бағдарлауды, оның белсенділік сипатын, оқу, танымдық, коммуникативті, практикалық, шығармашылық іс-әрекет тәсілдерін қалыптастыруға, оқушылардың осы іс-әрекеттің тәжірибесін алуға бағытталуын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді, негізгі құзіреттіліктерді қалыптастырады оқушылардың алған білімдерін, дағдыларын өмірде қолдануға мүмкіндік береді.

Оқу процесінде жеке тұлғаның білікті маман иесі етуге бағытталған білім беру тәсілдерін озық тәжірибемен біріктіру, кәсіби жұмысшы мамандар даярлау бүгінгі күннің маңызды жайттарының бірі болып саналады. Сондықтан да кәсіптік білім беру саласында студенттерді кәсіби мамандыққа үйрету және тәрбиелеуде өндірістік оқыту шеберлері педагог болып саналады. Білім беру процесін жетілдіру, оқушылардың қазіргі кезеңдегі технологиялық процестерді игеруі үшін өндірістік оқытуда көптеген инновациялық әдістерді тиімді қолдана отырып, мамандығын өте жақсы меңгерген, білімін әрі қарай жетіл әбден болады деп есептеймін.

АҒЫЛШЫН ТІЛІН ОҚЫТУДАҒЫ БАҒАЛАУ ЖӘНЕ КЕРІ БАЙЛАНЫС: ТИІМДІ ӘДІСТЕР МЕН ТЕНЦИЯЛАР

**Шымкент қаласы
«№1 TALANT» жалпы білім беру мектебі
Ағылшын тілі пәні мұғалімі
Қуантай Жансая Ержанқызы**

The use of any one methodology in teaching English depends on different conditions. The main conditions are: the goal of teaching English, the time allocated for its study, the number of hours. Among these conditions, the most important role is played by the purpose of training. This condition directly affects the development of society, its political, economic and other ties with other countries, determining the goals of teaching a foreign language.

According to the famous scientist N. D. Galskova, younger schoolchildren are very prone to mastering foreign languages. The child's imitation abilities, natural curiosity always create favorable conditions for mastering a new one.

In the modern world, knowledge of English has become one of the main skills for communication and success. Feedback plays an important role when learning English in class.

Feedback is the process of providing a student with information about his achievements and mistakes in the process of learning a language. It is an integral component of effective learning and plays a crucial role in the progress of each student. Feedback is an important component of the educational process, which plays a crucial role in the formation of educational results. This provides valuable information for both students and educators that allows them to assess progress, identify areas for improvement, and improve the overall learning experience. The importance of creating effective feedback mechanisms in education and its benefits for students, teachers and the education system as a whole should be emphasized.

First of all, feedback helps students understand how successfully they have mastered English. It shows the advantages and achievements of the student, as well as shows the areas that need further improvement. When you receive positive feedback, students gain motivation and confidence. They see that their efforts lead to results, and this inspires them to further learn the language. By receiving timely and accurate feedback, students can improve their understanding of the topic, Critical Thinking Skills, and overall academic performance. In addition, feedback helps to correct mistakes and develop language skills. The teacher, analyzing the student's work and statements, helps them understand mistakes and suggests ways to correct them. Feedback also allows students to understand complex grammatical structures and language rules. Regular feedback in classes helps students get grounded faster in language learning and progress. The teacher, expressing his opinion about the student's oral and written speech, helps him improve communication skills. Feedback allows students to develop their language skills in an interactive way, learn to express their thoughts freely and confidently.

Feedback can be a great source of motivation. When we receive positive feedback, we feel confident and motivated to further learn English. On the other hand, feedback helps us understand our weaknesses and set new goals to improve. When students receive positive feedback about their achievements, it increases their self-confidence and encourages them to continue striving for perfection. On the other hand, constructive feedback helps students identify areas to improve their goals by guiding them.

Feedback serves as a link between the student and the teacher, fostering open communication and cooperation. By providing feedback, teachers dialogue with students and create opportunities for interpretation, discussion, and deeper understanding. Students, in turn, can receive explanations, ask questions, and actively participate in the learning process. Such bilateral communication strengthens the student-teacher relationship, promotes trust, and creates a favorable learning environment.

Feedback is a catalyst for the continuous improvement of Education. By creating a feedback culture, educational institutions can build a cycle of assessment, understanding, and clarification. Feedback helps to identify areas of improvement not only for individual students, but also for the education system as a whole. This allows the teacher to make informed decisions about the development of curricula, teaching methods

and assessment strategies. Using feedback, educational institutions can adapt and develop to meet the changing needs of students and society.

Feedback allows teachers to identify gaps in knowledge, adjust the content of the curriculum and adapt their teaching strategies in such a way as to ensure maximum understanding of students. It also makes it easier for teachers to identify effective teaching methods by allowing them to improve teaching approaches and improve the overall quality of teaching. In conclusion, feedback is an important tool in the English lesson. It allows students to understand their strengths and weaknesses in language learning, correct mistakes, and develop their language skills. Feedback contributes to the motivation and successful progress of students. Therefore, it is necessary that it be present in every English lesson and is a key element in effective English teaching. In the field of education, it is especially important to create effective feedback mechanisms. It allows students to take responsibility for learning, motivates and engages them in knowledge, informs them about teaching methods, fosters communication and cooperation, and promotes continuous improvement. By recognizing the importance of feedback, teachers can create a favorable learning environment that increases students' performance and prepares them for success in an ever-changing world.

ГМО ДЕГЕНІМІЗ НЕ?



Абай облысы Үржар ауданы
«Алтыншоқы орта мектеп-бақшасы» КММ-сі
Орындаушы: 9- сынып оқушысы Төлеген Алинұр
Ғылыми жетекшісі: Биология пән мұғалімі Б.А.Калиева

Жоба мақсаты:

- Гендік модификацияланған өнімдер туралы жан –жақты зерделеу арқылы ерекшеліктерін түсіну.
- Сауалнама алу арқылы оқушылардың гендік Модификацияланған өнімдер туралы қаншалықты білетінін анықтай отырып, білімдерін жетілдіру.

1. Генетикалық түрлендірілген ағзалары бар тамақ өнімдерін таңдауға оқушылардың дұрыс көзқарасын қалыптастыру.

Жоба міндеті:

1. ГМО шығу тарихын білу
2. ГМО пайдасы мен зияны туралы мағлұмат зерделеу
3. Оқушылардың ГМО туралы білімін жетілдіру

Зерттеудің теориялық және әдістемелік негізі.

Қазіргі кезеңдегі биология ғылымындағы зерттеу нәтижесі отандық және шетелдік ғалымдардың ой-пікірлерін сыни талдау, салыстыру арқылы ғылыми нәтижелерге жетіп отыр.

Осыған байланысты, қойылған міндеттерді жүзеге асыру үшін мынадай әдістерге сүйендік

- сауалнама
- сипаттап баяндау
- мониторинг қолданылды

Аннотация

Генетикалық түрлендірілген өнімдер (ГМО) – Тамақ өнімдері, сондай-ақ гендік инженерия көмегімен жасалған тірі ағзалар. Гендік модификация технологиялары ауыл шаруашылығында кеңінен қолданылады.

ГМО құру идеясы қандай болды? Жауап қарапайым, ГМО –ның кез-келген түрі, өмір мен медицинаның қазіргі деңгейімен, туу деңгейінің жоғарылауымен, азық-түлікке деген сұраныстың артуына байланысты болып келеді. ГМО –ның арқасында бүкіл жер бетіндегі халықты тамақтандыруға болады.

Егістік аумақтарды барынша пайдалану керек, және егістік иелері егіндікті зиянкестерге бергісі келмейді.

Содықтан гендік инженерия осы мәселенің шешімін тапты. ГМО өсімдіктері жоғары өнімділікке ие, ауа райының қолайсыз жағдайларына, зиянкестерге төзімді болып келеді.

ГМО –ның қаншалықты пайдасы мен зияны туралы біле береміз.

Осы жоба арқылы ГМО туралы мағлұматтарды зерделей отырып пайдасы мен зияны туралы білімімізді жетілдіреміз

Аннотация

Генетически модифицированные продукты (ГМО) — пищевые продукты, а также живые организмы, созданные с помощью генной инженерии. Технологии генной модификации широко используются в сельском хозяйстве.

В чем заключалась идея создания ГМО? Ответ прост, любые ГМО обусловлены нынешним уровнем жизни и медицины, возросшей рождаемостью, возросшим спросом на продукты питания. Благодаря ГМО можно накормить все население Земли. Посевные площади должны использоваться как можно шире, а владельцы полей должны возделывать не хочет отдавать вредителям.

Поэтому генная инженерия нашла решение этой проблемы. ГМО-растения обладают высокой продуктивностью, устойчивы к неблагоприятным погодным условиям и вредителям.

Мы не знаем о пользе и вреде ГМО.

Благодаря этому проекту мы улучшим наши знания о пользе и вреде ГМО.

КІРІСПЕ 5

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

1. ГМО шығу тарихы 7

2. ГМО алудың негізгі мақсаты 8

3. Сауалнама қортындысы 10

4. ГМО артықшылығы 15

5. ГМО кемшілігі 16

ҚОРТЫНДЫ 17

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ 18

КІРІСПЕ

21 ғасыр озық технологиялардың дамыған ғасыры. Алайда бұнымен бірге осы технологиялардың бізге деген зияны да артып келеді. ГМО-лық азық – түліктің көбеюі қазіргі таңдағы өзекті мәселелердің бірі болып табылады. ГМО біздің өмірімізде жиі кездеседі және қазіргі ғылымның осы өнімдері туралы көбірек білуге деген ұмтылыс табиғи түрде пайда болды. ГМО-лық азық – түліктің көбеюіне байланысты дұрыс тамақтану адамзаттың алдында тұрған маңызды мәселелердің бірі.

ГМО- гендік модификацияланған өнім немесе организмдер. Гендік модификацияланған өнім – генетика мен молекулалық биологияның қол жеткен табыстарының негізінде қалыптасқан биология ғылымының жеткен жетістігі. Гендік модификацияланған өнімдерді алу жолдары өте күрделі болып келеді. ГМО (гендік модификацияланған организмдер) – гендік инженерияның табысты жемісіне айналып отыр. Дәлірек айтатын болсақ ГМО дегеніміз бір ағзаның геніне бөтен ағзаның геніне енгізу арқылы пайда болады. Бұның барлығы гендік инженерия арқылы жүзеге асады.

Гендік инженерия әдістері арқылы эукариотты организмдердің тұқым қуалау материалын да өзгертуге болады. Мұндай генетикалық тұрғыда өзгертілген организмдер трансгендік немесе генетикалық модификацияланған (өзгертілген) организмдер деп аталады.

Генетикалық инженерия – генетика мен молекулалық биологияның жетістіктері негізінде қалыптасқан биология ғылымының жаңа бір саласы.

Генетикалық инженерияның негізгі мақсаты- генотип құрамындағы бір генді бөліп алып, басқа ағзаға апарып салу немесе ДНҚ молекуласын рекомбинациялау арқылы генетикалық бағдарламаны өзгерту, сөйтіп тіршілікті меңгерудің жаңа жолдарын табу. Гендік инженерия ғылымының дамуы барысында гендік модификацияланған өнімдер алына басталды.

Гендік модификацияланған өнімдерді тұтыну туралы жас өсіп келе жатқан жасөспірімдер жан – жақты білсе өз денсаулығына жауапкершілікпен қарауға ұмтылады.

Гендік модификация XX ғасырдың биология саласындағы үлкен жетістігі. Бірақ, негізгі сұрақ осы гендік модификацияланған азық - түліктердің адам ағзасына әсері болып отыр.

Жоба мәселесі: ГМО дегеніміз не? Оның оң және теріс әсерлерін анықтау

Бұл жобалық жұмыстың мақсаты - Гендік модификацияланған өнімдер туралы жан жақты зерделеу арқылы ерекшеліктерін түсіну. Сауалнама алу арқылы оқушылардың гендік модификацияланған өнімдер туралы қаншалықты білетінін анықтай отырып, білімдерін жетілдіру. Генетикалық түрлендірілген ағзалары бар тамақ өнімдерін таңдауға оқушылардың дұрыс көзқарасын қалыптастыру.

Зерттеу нысаны: 7-8-9 сынып оқушылары ГМО жайлы қаншалықты білетіні туралы сауалнама алу

Зерттеу әдісі: Ғылыми әдебиеттерді зерделеу арқылы ақпарат

жинақтау, сауалнама, сұхбат алу

Негізгі бөлім

ГМО - тарихы

Генетикалық түрлендірілген организмдер (ГМО) –генотипі гендік инженерия әдісімен жасанды түрде өзгертілген организмдер. ГМО –ны кенінен өсімдіктерге, жануарларға, микроорганизмдерге қолдануға болады.

Трансгендер – генетикалық материалы жасанды жолмен өзгертілген организмдер. Алғаш рет 1973 жылы АҚШ ғалымдары ішек таяқшасының гендік модификацияланған түрін алған. Қазіргі таңда гендік модификацияланған организмдер тек өсімдіктер, жануарлар ғана емес сонымен қатар бактериялар мен вирустар болып табылады.

ГМО –ның көмегімен көптеген өсімдік түрлері суыққа, зиянкестерге, түрлі бактериялық-санырауқұлақ ауруларына төзімді жаңа сорттар шығарлады.

1956 жылы америкалық ғалым Е.Сирс қылтаншөп өсімдігінің сары дақ ауруына төзімділігін анықтайтын генді жұмсақ бидайдың хромосомасына апарып салды. Нәтижесінде жұмсақ бидайдың сол ауруға төзімді түрі алынды.

Табиғатта көптеген зиянды жәндіктерді өлтіретін уыт бөлетін бактериялар тіршілік етеді, осы уыт синтезіне жауапты ген бактерия геномынан бөлініп алынып, мәдени өсімдіктердің геномына енгізілді. Қазіргі кезде зиянкестерге

төзімді жүгері, күріш, картоп, бидай және басқа да ауылшаруашылық өсімдіктерінің сорттары шығарылды.

Алғашқы трансгенді организм 1983 жылы Кельндегі Өсімдіктану институтында алынды. Бүгінгі таңда ГМО саласының көшбасшысы – АҚШ. Мұнда ең ірі зертханалар орналасқан және шаруашылықтар 100-ден астам модификацияланған дақылдарды өсіреді. Бұл елдегі барлық ауылшаруашылық алқаптарының шамамен 70% осындай өсімдіктер алып жатыр.

Гендік инженерияның арқасында синтез жолымен алғаш инсулин гармоны алынды. Алған инсулин гармоны шошқаның геніне бөлініп алынып отырылды, бірақ сол гормонды қабылдаған науқастарда шошқаның гормонына қарсы антидене пайда болғаның байқады. Кейінірек 1957 жылы Ф. Сэнгер инсулин гармоның химиялық жолмен синтездеп алды. Гендік

модификацияланған өнімдер фармацевтикада дәрілік препараттар өндіру үшін кеңінен қолданылады. Генетикалық модификацияланған жануарларды шығару жөніндегі алғашқа табысты эксперименттердің бірі тышқанға жасалды. Тышқан геномына егеуқұйрықтың өсугормонының гені қондырылды. Нәтижесінде трансгенді тышқандар едәуір тез өсті, кәдімгі тышқаннан екі есе үлкен болып өсті. Канадада жүргізілген эксперимент практикада қолданылды. Канадалық ғалымдар лососьбалығына тұқым қуалайтын материалына өсу гормоны гені белсендірілген басқа балық генін енгізген. Нәтижесінде лосось балығы 10 есе тез өсіп, артық салмақ қосты. Соңғы жылдары дүние жүзінде генетикалық модификацияланған организмдер тамақ өнеркәсібінде, ауыл шаруашылығында, ғылыми зерттеулер үшін және медицинада кеңінен қолданыла басталды. ГМО 29 елде өсіріледі. Өсіріліп отырған астық дақылдары түрлерінің ішінде – 61 соя, 21- жүгері, картоп, қызанақ, бидай, күнбағыс, 18- рапс кұрайды. Генді модификацияланған өнімдерді өсіріп, тұтынып отырған елдер АҚШ, Аргентина, Бразилия, Қытай, Канада елдері

алдыңғы орында келеді.

ГМО –ны алудың негізгі мақсаты

Генетикалық модификацияланған организмдер бірқатар жаңа қасиеттерге ие. Мәдени генетикалық түрлендірілген өсімдіктердің көпшілігі жәндіктер зиянкестеріне немесе гербицидтерге төзімді болып келеді.

Нәтижесінде ауыл шаруашылығы саласындағы кәсіпкерлердің ауыл шаруашылық дақылдарын өсіру үшін шығаратын шығындары азаяды. Азық – түлік дақылдарының ГМО арқылы алынған өнімдер жаға қасиеттерге ие, өсудің жылдамдауы, өнімнің тағамдық және технологиялық қасиеттерінің жақсаруы, қолайсыз жағдайларға төзімділігі, вирустар мен саңырауқұлақтар сияқты қоздырғыштарға төзімділігі жатады. Генетикалық түрлендірілген ағзаларды қорғаушылар ГМО адамзатты аштықтан құтқаратын бірден – бір жолы екенін алға тартады. Жер бетінде халық санының өсуіне байланысты дүниежүзілік ауылшаруашылық өндірісін екі есе, тіпті үш есе ұлғайту қажет екенін айтып отыр.

ГМ өнімдерді жасауда дамып кележатқан бағыттары:

Алынатын өнім көлемін арттыру

Жылына бірнеше рет өнім беру

Зиянкестер үшін қауіпті болатын ауылшаруашылық дақылдарын алу

Қолайсыз ауа райы жағдайларына төзімді болу

Кейбір жануарлардың белоктарын синтездей алатын өсімдіктерді алу

Сауалнама

7-8-9 сыныптардан ГМО туралы білімі менкөзқарасын анықтау барысында оқушылардан сауалнама алдым. Сауалнама барысында оқушылар 5 сұраққа жауап берді. Барлығы 40 оқушы қатысты.

1.ГМО туралы білесізба?

2. ГМО –ның ағзаға зияны туралы білесізба?

3. Сатып алғалы тұрған заттың құрамын, маркировкасымен оқып танысасызба?

4. «Е» индексіне қандай ақпарат берілгені туралы білесізба?

5. Косметикалық заттардың құрамында ГМО бар ма?

Сауалнамаға 40 оқушы қатысты

7 – сынып 11 оқушы Ия - 10, Жоқ – 33, ЖБҚ- 7 ,

8 – сынып 12 оқушы Ия -16 , Жоқ – 37, ЖБҚ-7

9 – сынып 17 оқушы Ия - 31 , Жоқ – 54, ЖБҚ-0

7 –9 сыныптан барлығы 40 оқушы Ия -28,5% , Жоқ – 65%, ЖБҚ-7%

28,5 пайыз оқушы ГМО туралы білетінің байқадық

65 пайыз оқушы ГМО туралы білмейтіні байқадық

және 7 пайыз оқушылар жауап беруге қыйналды.

7 – 9 сыныптан алынған сауалнама қортындысы

	ГМО туралы білесізба?	ГМО –ның ағзаға зияны туралы білесізба?	. Сатып алғалы тұрған заттың құрамын, маркировкасымен оқып танысасызба?	«Е» индексіне қандай ақпарат берілгені туралы білесізба?	Косметикалық заттардың құрамында ГМО бар ма?	барлығы	пайыз
ИӘ	21	19	7	0	10	57	28,5
ЖОҚ	19	19	33	40	18	129	64,5
ЖБҚ	0	2	0	0	12	14	7
барлығы	40	40	40	40	40	200	

Қорыта келгенде оқушылар ГМО туралы оқушылар біледі, бірақ қаншалықты денсаулыққа әсер ететіні туралы білмейді.

«Сатып алғалы тұрған заттың құрамын оқып танысасызба?» деген сұраққа оқушылардың көпшілігі назар аударып оқымайтындығын білдім.

Сауалнамаға қатысқан оқушылар Е индексі туралы білмейтіні туралы анықталды

Кәсіпкерлермен жүргізген сұхбат барысында, ол кісілердің жауабы:

• «ГМО өсімдіктерін өсіреміз. Күнбағыс, бидай өсімдіктері 100 пайыз өнім береді, өспей, шықпай қалады деп қорықпаймыз. Тұқымы өте қымбат, бірақ өз-өзін ақтайды»- деп жауап берді. Зиянкестер, санырауқұлақ және вирустық ауруларға төзімділігі өте жоғары. Кемшілігіне келетін болсам тұқымын алып қайта ексе өнім бермейді.

ГМО артықшылығы

1. Азық – түлік мәселесін шешу
Информатика сабақтарында оқу материалдарын қабылдай білуге дайындау;

оқу материалдары бойынша ойын, қызықты оқиғалар желісін құру;

информатика сабағында оқушыларды еліктіре алатын білім мазмұны, сондай-ақ іздене алатындай кезеңдер тұрғызу керек.

Оқу материалын қабылдай білуге дайындау үшін мұғалімдер алдымен оқушыларға сол материалға дайындық ретінде бірнеше тапсырмалар, жаттығулар, есептер берді.

Сол тапсырмаларды сұрай және оларға қорытынды жасай отырып, әрі қарай мұғалім жаңа материалды айтып, түсіндіріп, жалғастырады. Сонда оқушы өздерінің ұмытқандарын естеріне түсіріп білімдерін ары қарай дамытады.

Информатика сабағын өткенде сол өтетін материалға байланысты қызықты информатикадан қызықты логикалық есептер шығарудың информатика ғылымындағы атақты ғалымдардың жаңалықтарын, қазіргі информатика саласындағы жетістіктер мен жаңалықтар туралы айта отырып, әртүрлі ақпараттық үрдістер мен ақпараттық технологиялар жайлы баяндап, сабақ мазмұнын байыта отырып оқушылардың информатика сабағына деген қызығушылықтарын арттыруға болады. Шығармашылық іздену әдісін пайдалануда жүргізілген эксперимент оқушыларды шығармашылықпен іздену, білуге үйрету білім, білік дағдыларды дамытуға үлкен себебін тигізетінін көрсетті. Бұның өзіндік қиындықтары бар. Мұғалімдер үшін әр оқушының шығармашылықпен ізденуіне жағдай жасау қажет. Олардың шығармашылық қабілеттерін дамыта отырып, әр түрлі сабақтарға жауап іздеп, еркін ізденуге мүмкіндік туады. Тәжірибелі мұғалімдердің ізденгіштігі арқасында жекеленген мектептерде информатика сабағында ізгілендіруді мақсатты жүйелі пайдалану жақсы нәтиже береді деп ойлаймын.

Оқушының жеке тұлғасын, оның рухани әлемін, қабілеті мен ынтасын дамыту бүгінгі педагогика ғылымындағы негізгі мәселелердің бірі. Оқушының өзіне сенімен арттыру, ынтасын жігерлендіру, шығармашылығын дамыту арқылы оны болашақта алған білімін өмірде еш қиындықсыз пайдалана алатын жеке тұлға ретінде қалыптастыруға болады. Ол үшін мұғалімнің әрбір сабағы оқушы сезіміне ой салатындай, ынта ықыласына әсер етуі тиіс. Сондықтан сабақ құрылымы әртүрлі әдістермен, жаңа технологиялық құралдармен, программалық жабдықтармен қамтамсыз етілуі керек. Бұл ретте мұғалімнің дайындығы мен шеберлігі, ізденімпаздығы да басты роль атқарады.

Сабақ беру үрдісінде мынадай факторларға сүйенуге болады:

- оқушыларды өз бетінше жұмыс істеуге үйрету;
- оқушылармен жекелей, пармен, топпен жұмыстар жүргізу;
- оқушылардың компьютерлік сауаттылығын неғұрлым жетілдіру;
- оқушылардың шығармашылық қызметін дамыту.

Оқушының өз бетімен жұмыс істеуін әртүрлі деңгейде ұйымдастыруға болады. Әр оқушының зеректігіне, ынтасына байланысты өз бетімен жұмыстың тапсырмалары да түрлі деңгейде құрастырылады.

Сондай-ақ, оқушыларды пармен, топқа бөліп оқыту арқылы нашар оқитын оқушылардың да талпынысын көруге, олардың пәнге деген қызығушылығының артқанын байқауға болады. Бұл әдістің тиімділігі сол, сабақта оқушылар түгел бағаланады.

Шығармашылық мақсаттағы жұмыс өте жоғары деңгейде жүргізіледі және ол оқушылардың пәнге қызығушылығын арттырады. Сабақты түрлендіріп қызықты өткізуге көмектесетін, оқушылардың шығармашылық белсенділігін арттыратын ойын элементтерін пайдалану да өте тиімді. Информатика сабағында ойындарға ребустар, сөзжұмбақ құрастыру, анаграммалармен жұмыс істеу жатады. Ойын элементтері оқушылардың логикалық ойлау қабілетін арттырып, сөз байлығын кеңейтіп, елестету және қалыптан тыс ойлауын информатиканың термин сөздерін жадында сақтауға үйретеді.

Информатика пәнінде интеллектуалды ойын элементтерін қолдану барысында қазіргі өмір талабына сай компьютерлік сауаттылықты жылдам дамыта отырып, педагогикалық-психологиялық әдістемелік бастапқы дайындықты қалыптастырмайынша балар өз білім деңгейлерін көтере алмайды. Қоғамды ақпараттандыру жағдайында оқушының жеке тұлғасын қалыптастырып, ақпараттық қоғамда өмір сүруіне сонымен қатар оның ақпарат ағымында дұрыс бағдар жасап, тиімді шешім қабылдауына қажет жаңа ақпараттық технологияларды таңдап алу және оларды қолдану қабілетін қалыптастыруда информатика пәнінің орын алатыны белгілі.

Қазіргі сабақ - бұл өзіндік көрсеткіштермен ерекшеленетін мұғалім мен оқушының біріккен қызметі. Осыған сүйене келе информатика пәнінде өзіндік ерекшелігіне қарай оқушылардың теориялық білімі және практикалық жұмыс істеу дағдыларын бөліп алуға болады. Теориялық білімді тексеру үшін ауызша сұрау, жазбаша бақылау, тестілеу сияқты дәстүрлі бақылау түрлерін, ал практикалық дағдыны бағалау үшін практикалық жұмысты қолдануға болады. Информатиканы оқыту барысында оқушылардың білімін бақылау үшін осы дәстүрлі әдістермен қатар бақылаудың дәстүрден тыс түрлері, рефераттар, конкурстық жобалар, әртүрлі танымдық ойындар да қолданылады.

Танымдық (интеллектуалдық) ойын бұл күрделі, көп құрылымды құбылыс. Ол оқыту әдісі ғана емес білімді бақылау әдісі болуы мүмкін.

Информатика бойынша білімді бақылауды интеллектуалды ойындарды қолдану оқушылардың өзіндік тұлғалық ерекшеліктерін ашуға, сабаққа дайындық деңгейін арттыра түсуге көмектессе, ол мұғалімге оқушылардың білімде кеткен қателіктерді дер кезінде жөндеуге мүмкіндік береді.

Ойын - баланы ойлау белсенділігін арттыруға тәрбиелейтін, психикалық процесті белсендіретін бірден – бір құрал. Әдістемелік әзірлемелердің жетіспеуіне және мұндай сабақтарды өткізу сценарийін жасау үшін мұғалімнің уақытының шектеулігіне байланысты, осы уақытқа дейін ойындарды оның сабақ процесіндегі ролінің маңыздылығына қарамастан, тек сабақтан тыс шараларды өткізуге қолданылып келді. Қазіргі кезде мектептерде оқыту процесін белсендіру мен сабақтың тиімділігін арттыру мақсатында информатика сабағында ойындар сабақтың бір элементі немесе оның бір бөлігі түрінде (кіріспе, түсіндіру, бекіту, жаттығу, бақылау) өтіледі. Ойындарды сабақта материалды бекіту, жүйелеу немесе қайталау кезеңдерінде пайдаланудың маңызы зор.

БІЛІМ БЕРУ ҮРДІСІНДЕ АҚПАРАТТЫҚ – КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫ ҚОЛДАНУ

**Павлодар облысы Павлодар қаласы
«№ 21 ЖОМ» КММ
Информатика пәнінің мұғалімі
Ташенова Толганай Галымжановна**

Қазіргі кезеңде барлық педагогикалық сала құзыреттілікке бағытталған оқытуға назар аударды, соның ішінде өскелең ұрпақтың бойында түйінді құзыреттіліктерді дарыту – олардың заман иірімдерінде өз орнын қатесіз таба білуі мен оң бағыт бойынша мүдірмей алға жылжуының кепілі. Оқушы бойындағы құзыреттіліктерді қалыптастырып, оларлы дамыту үшін мұғалім оларға өзі де ие болғаны жөн. Ғалымдар білім берудегі құзыреттіліктердің төрт аспектісін (түрін, нұсқасын, желісін, бағытын) ажыратады: - түйінді құзыреттіліктер; - жалпыланған пәндік біліктіліктер; - қолданбалы пәндік біліктіліктер; - өмірлік дағдылар. Информатика пәнінің мұғалімінің заманға сай құзыреттіліктерге ие болуы мен олардың негізінде мәртебесін жетілдіру және тәрбиеленуші ұрпаққа теориялық біліммен қатар осы құзыреттіліктерді басқа пән мұғалімдерімен біріге отырып, дамытуын сөз ету үшін оның пәнінің қалыптасу тарихын, маңыздылығын, ерекшеліктерін қарастырған жөн.

Білім беру жүйесін ақпараттандыру - қоғамның маңызды бағыттарының бірі. Ал бұл өз кезегінде білім сапасын көтеруді жүзеге асыруға бағытталған үрдістің құралдары мен әдістерін, оқу - тәрбие үрдісінің барлық деңгейлерін бір - бірімен тығыз байланыста өсіруге және олардың тиімділігі мен сапасын көтеруге, жас ұрпақты жаңа қоғам жағдайында өмір сүруге дайындауға пайдалану.

Ақпараттық - коммуникациялық технологияның келешек ұрпақтың жан - жақты білім алуына, іскер әрі талантты, шығармашылығы мол, еркін дамуына жол ашатын педагогикалық, психологиялық жағдай жасау үшін тигізер пайдасы зор.

Қазіргі заманғы білім беру технологияларын іске асырудағы механизмнің бірі - интерактивті тақтамен сабақ өткізу. Интерактивті тақтамен өткізген сабақ оқушының пәнге деген қызығушылығын арттырып, интеллектуалдық шығармашылық белсенділігін, дарындылығын дамыту факторларының бірі болса, мұғалім үшін шеберлік пен сауаттылығын арттыратын, уақытын үнемдейтін, эстетикалық талғамға сай безендіріліген көрнекілік құралы болып табылады. Жаңа ақпараттық технологиялар педагогтік мүмкіндіктерін күшейтетін құрал, бірақ ол мұғалімді алмастыра алмайды. Компьютерлік мүмкіндіктер психология мен дидактика тұрғысынан талданып, керек кезінде педагогикалық талаптарға сай қолданылу керек. Соның негізінде оқытудың тиімді әдіс - тәсілдерін мұғалімнің өзі анықтап алу қажет.

Біз қолданып отырған бағдарламаның түрлі тәсілдерді жинақтағанына қарамастан, сындарлы оқыту негіздері қамтылған. Бұл жеті модульдің барлығы да барлық пән сабақтарында қолдануға ыңғайлы әрі тиімді. Информатика сабағында бұл бағдарламаның негізгі идеяларын пайдалана отырып көптеген тиімді жақтарын көруге болады.

Бағдарламаның негізгі факторларға тоқталар болсам, оқушылардың білім алу үдерісін түсінуі, нені оқу керектігін үйренуі, өзін - өзі реттеуі, оқу нәтижелерін бағалауды игеруі. Оқушылармен жұмыс жасау барысында олардың пайымдаулары, көзқарастары мен білім деңгейлерін анықтап алу қажет. Оқушылардың нені игере, нені игере алмайтындығын бақылау арқылы әртүрлі әдістерді пайдалана аламыз. Оқушылар өздері оқудың қажетті екенін, оны өмірде де өз қажетіне қолдана білу керек екенін сезінуі керек. Сонда ғана олардың оқуға деген ынтасы артады.

Егер де оқушы жаттап алатын болса, онда ол емтихан немесе сабақ аяқталған соң ұмытып қалады. Сондықтан олар өздері оқудың қажеттігін түсінуі қажет. Олар өздерінің алдына мақсат қойып, өз ойларын еркін айта білуі қажет. Оқушылар өз ойларын айта алады, пікірлесе отырып, оқуды түсінеді. Осы мақсатта біз өз оқу жүйемізді енгізуіміз қажет.

Алда тұрған жұмысты жоспарлау мен мақсат қоя білу арқылы, оқушыларды ынталандырамыз және де оқушылардың барлығын, белсенді ете аламыз. Оқытуда бірінші баланың өзін - өзі реттелуіне жағдай жасап, үйрету қажет. Оқушыны оқуда белсенді ету үшін оның нені білетіні мен не білмейтіндігіне көңіл бөлуіміз қажет. Оқушыға әртүрлі сұрақтар мен тапсырмалар беру барысында оларды орындауына уақыт бөліп, тыңдап, түсіністікпен қарап, бірін - бірі оқытуына мүмкіндік берген жөн. Сонда ғана оқытуда оқушылар өздеріне деген жауапкершілікті сезінеді, өзіне деген сенімі

күшейіп, оқуға деген белсенділігі артады. Білім үдерісінің нәтижелі болуы оқушының өздігінен меңгеріп, өзі үшін оқу керектігін түсінуі болып табылады.

Бағдарламаның жеті модульдеріне қысқаша тоқталсам, сыни тұрғыдан ойлау – бақылаудың, тәжірибенің, ойлау мен талқылаудың нәтижесінде алынған ақпаратты, ойлауға, бағалауға, талдауға және синтездеуге бағытталған пәндік шешім екенін білеміз. Ол оқушылардың ойлана білуіне, өз оқуына таңдау жасау, басқалардың идеяларына күмәнмен қарау қабілеті ретінде түсіндіріледі. Сыни тұрғыдан ойлау әдісі оқушының ойын дамытуға көп көмегін тигізеді. Сын тұрғысынан ойлауға дамыту модулінде мен келесідей: «Қос жазба күнделігі», «Fishbone», «Автор орындығы», «Блум түймедағы», «Екі жұлдыз, бір ұсыныс», «Жіңішке - жуан сұрақтар», «Білемін. Білдім. Білгім келеді», «Венн диаграммасы», «Ашық хат» және т. б. әдіс - тәсілдерді қолдандым.

Оқудағы жаңа тәсілдер модулін топтық, жұптық жұмыс арқылы іске асырылады. Яғни, оқушылар арасында өзара диалог орнату арқылы білім беру деп түсінемін. Диалогтік оқыту білім сапасын арттыруға көп көмегін тигізеді. Диалогтік оқыту баланың білімін жетілдіруде көбірек қолданылады. Біз көбінесе диалогтік оқытуды сұрақ – жауап ретінде қолданамыз. Диалогтік оқыту тек қана информатика саласында емес барлық пәндер үшін тиімді оқыту түрі болып табылады. Әсіресе тіл дамыту кезінде немесе басқа тілді үйрену барысында көп көмегі тиеді. Өз пәніме қатысты айта кетер болсам, бізде көбінесе теориямен практиканы ұштастырып оқытамыз. Ы. Алтынсарин: «Балаға айтып түсіргеннен гөрі, қолымен ұстап, көзімен көріп, мұрнымен иіскеп түсіндірген сабақ ұғымды» деген. Яғни бала теорияны меңгерумен қатар тәжірибе жүзінде де қалай жасау қажеттігін ұғынуы керек. Тәжірибелік жұмыс жасау барысында көптеген сұрақтар туындайды. Оқушылар өзара пікірлері мен болжамдар айта отырып, бірлесе жұмыс жасайды.

Бұл таңда «Тыңдап отырған үштік», «Жұптық әңгіме», «Қар үйіндісі», «Әңгіме - дебат» сияқты әдіс - тәсілдерді пайдалану тиімді.

Қазіргі кезде мемлекетіміздің алдында білімді де іскер, ғылымға қабілетті заман талабына сай ұрпақ тәрбиелеу мәселесі тұр. Еліміздің білім беру жүйесінің жаңарып, толығырақ түсуі заман талабынан туындап отыр. Жас ұрпақ – еліміздің тірегі, ертеңіміздің кепілі. Сондықтан оларға саналы тәрбие мен сапалы білім беру мұғалімдердің басты міндеті. Олар жан – жақты жетілген білімді әртүрлі әдістемелерді меңгерген, шығармашылықпен жұмыс жасай алатын шеберлік иесі болуға тиіс. Ұстаз кәсіби білімін үнемі жетілдіріп отыруы керек. Қазіргі таңда еліміз дарынды балалар тәрбиелеуде зор көңіл бөлініп отыр. Сондықтан оқыту мен дамытудың жаңа мазмұнын құруға, оның әдістемелік жүйесін іздестіру мәселелеріне мән берілуде. Балалардың интеллектуалды қабілеттерін анықтау және дамыту үрдісі орталықтың құрылымдық бөлімшелерінде әрбіреуінде бірегей білім беру ортасын құру арқылы жүзеге асады. Оқушылардың интеллектуалдық қабілеттерін анықтап, оны одан әрі дамытуда дамыта отырып оқыту технологиясының маңызы зор.

Информатика пәнінде интеллектуалды ойын элементтерін қолдану барысында қазіргі өмір талабына сай компьютерлік сауаттылықты жылдам дамыта отырып, педагогикалық – психологиялық әдістемелік бастапқы дайындықты қалыптастырмайынша балалар өз білім деңгейін көтере алмайды. Қоғамды ақпараттандыру жағдайында оқушының жеке тұлғасын қалыптастырып, ақпараттық қоғамда өмір сүруіне, сонымен қатар оның ақпарат ағымында дұрыс бағдар жасап, тиімді шешім қабылдауына қажет жаңа ақпараттық технологияларды таңдап алу және оны қолдану қабілетін қалыптастыруда информатика пәнінің алатын орыны зор екені белгілі. Қазіргі сабақ – бұл өзіндік көрсеткіштермен ерекшеленетін мұғалім мен оқушының біріккен қызметі. Осыған сүйене келе информатика пәнінде өзіндік ерекшелігіне қарай оқушылардың теориялық білімі және практикалық жұмыс істеу дағдыларын бөліп алуға болады. Теориялық білімді тексеру үшін ауызша сұрау, жазбаша бақылау, тестілеу сияқты дәстүрлі бақылау түрлерін, ал практикалық дағдыны бағалау үшін практикалық жұмысты қолдануға болады. Информатиканы оқыту барысында оқушылардың білімін бақылау үшін осы дәстүрлі әдістермен қатар бақылаудың дәстүрден тыс түрлері, рефераттар, конкурстық жобалар, әртүрлі танымдық ойындар қолдануға болады.

Жаңаша оқыту үдерісіндегі информатика мұғалімінің оқыту процесіндегі ролі орасан зор екендігін, сондықтан ол жаңа жетістіктер жөнінде үнемі жаңа ақпарат алып, тәжірибе алмасып, оқытудың материалдық базасын үнемі жақсартып отыруы тиіс.

БАСТАУЫШ СЫНЫП ҮРДІСІНДЕ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ



**Жамбыл облысы Т.Рысқұлов ауданы Құлан ауылы
Әлихан Бөкейханов атындағы орта мектебінің
бастауыш сынып мұғалімі
Сулейменова Гүлназ Болатжановна**

Қазіргі білім беру жүйесіндегі озық технология - мен әдіс-тәсілдерді ұтымды пайдалану оқушының танымдық және ақыл-ой белсенділігін арттырады.

Оқытудағы жаңа технология аса қажетті педагогикалық мәселелердің шешімдерін табуға, ой еңбегін арттыруға, оқу процесін тиімді басқаруды қамтамасыз етеді. Жаңа технологияларды оқыту үрдісінде қолданудың негізгі ерекшелігі ол оқытушылар мен оқушыларға өз бетімен және бірлесіп шығармашылық жұмыс жасауға көп мүмкіндік береді және оны педагогикалық мақсатта пайдалану оқушылардың зердесіне, сезіміне, көзқарасына әсер ете отырып оның интеллектуалдық мүмкіншіліктерін арттыруға көмектеседі.

Қазіргі кезеңде жалпы орта мектептердегі оқу бағдарламаларын құрастыру бағыт-бағдары өзгерді. Алайда, бұлардың бәрінде мектеп оқушыларын қайда оқитындығы ескерілмейді, олардың меңгеруі тиіс негізгі дағдылар мен қабілеттер, оқу нормасын тапсыруға арналған шарттар көрсетілген.

Қоғамның елеулі өзгерістерге түсуі, адамның мақсат-мұраттарына, тұрмыс-тіршілігі мен мінез-құлқына, сондай-ақ өзінің жеке басына да субъект ретінде өзгеріс енгізуде. Оның үстіне қоғамдағы салауаттылық, рухани құндылықтардың табиғаты, мәні, шығу тегі және атқаратын қызметтері туралы жан-жақты зерттеу, оқушылардың тәрбиесін салауаттылығымен мәдениеті мәселесімен байланыста қарастыру қажеттігі біздің тақырыбымыздың өзектілігін айқындай түседі.

Елімізде бәсекеге қабілетті білім – білім беру саласының ең басты міндеті болып отыр. Дамудың алдыңғы қатарындағы елдердің білім дәрежесімен теңесу – еліміздің біліми саясатының негізгі көздегені. Дамыған елу елдің қатарына ерудің алғышарттарының бірі де осы сапалы да бәсекеге қабілетті білім. Сондықтан да еліміздегі мектептердегі білім берудің басты ұстанымдары мен міндеттері, әрекеттері, жолдары осы мақсатқа орай ұйымдастырылады.

Мақсатқа жетудің түрлі жолдары бар. Солардың бірі де бірегейі оқытудың жаңа технологияларын пайдалану. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының (Астана, 2000 жыл) 18-бабының 8-тармағында: «Оқытудың жаңа технологияларын сынақтан өткізу, білім берудің жаңа мазмұнын енгізу үшін білім беру ұйымдарында эксперимент тәртібімен іске асырылатын білім беру бағдарламалары әзірлену мүмкіндігі», - атап көрсетілген. Осыған орай қазір еліміздегі көптеген мектептерде білім берудің жаңа жүйесі енгізіліп, әлемдік білім беру кеңістігіне бет алуда. Білімі мен ғылымы өз дәрежесінде дамыған елдер көш бастап, қашан да елдік дамудың кез келген саласында озық тұрары сөзсіз.

Дегенмен өсіп келе жатқан жас ұрпаққа білім мен тәрбие беру саласының бір тармағы болып табылады және ол жеке тұлғаның жан-жақты дамуына, күшті де қуатты болып өсуіне, ұзақ уақыт шығармашылық еңбекке жарамды адамды қалыптастыруға, оны Отан сүйгіштікке дайындауға қызмет етеді.

Республикамыздағы білім беру саласында және әртүрлі қолдану салаларына байланысты жаңа бағыттар бойынша мамандарға деген сұраныстардың артуы, оларды дайындаудағы білімділігі мен қабілеттілігі, біліктіліктің қазіргі талаптарға сай болуы өте үлкен маңызды жұмыстарды атқаруды талап етеді және болашақ педагогтардың кәсіби даярлығын, білім стандартына, мазмұнына сай жетілдіру мәселелері көкейкесті мәселе болып отыр.

Болашақ ұрпағымыздың денсаулығының мықтылығы, салауатты өмір сүруі мектеп мұғалімінің жеке басымен оның жоғары оқу орнындағы теориялық жеке тәжірибелік дайындығының дәрежесіне тікелей байланысты. Осыған орай оқушылардың тәрбиесі жүйесін жүзеге асыру жұмыстарын ұйымдастыруға болашақ мұғалімдерді даярлау ісін кәсіби дайындықтың ажырамас бөлігі ретінде қарастыру керек.

Ол ұстанымдарға жататындар: жан- жақтылық, саналылық пен белсенділік, бірте-бірте жасалатын әрекет, қайталамалық, көрнекілік, жеке даралық.

Оқу үдерісінің үздіксіздігі негізгі үш қағидаларда көрініс тапқан:

а) оқу-тәрбие үдерісі көп жылғы және жыл бойындағы сипатқа ие болуы тиіс;

ә) сабақ барысында әрбір келесі сабақтың әсері алдыңғы сабақтың ізінше қатпарлы әсер қалдыруы тиіс, себебі жас оқушының ағзасында алдыңғы сабақтардың әсерінен пайда болған жағымды өзгерістер беки түсуі және жетіле түсуі қажет;

б) демалыс жұмыс қабілетін қалпына келтірудің арта түсуі үшін жеткілікті болуы тиіс.

Сабақтарды бір-бірте күрделендіру оқушыны дайындаудың мүмкіндіктері мен деңгейлеріне сәйкес келіп, олардың спорттық жетістіктерінің үздіксіз арта түсуін қамтамасыз етуі тиіс.

Оқытудың ақпараттық технологиясы – бұл ақпаратпен жұмыс жасау үшін арнайы тәсілдер, педагогикалық технологиялар, бағдарламалық және техникалық құралдар (кино, аудио және видеокұралдар, компьютерлер, телекоммуникациялық желілер).

Оқытудың ақпараттық технологиясы – білімді жаңаша беру мүмкіндіктерін жасау (педагогикалық іс-әрекетті өзгерту), білімді қабылдау, білім сапасын бағалау, оқу-тәрбие үрдісінде оқушының жеке тұлғасын жан-жақты қалыптастыру үшін ақпараттық технологияның қосымшасы деп түсіну керек.

Білімді ақпараттандырудың негізгі мақсаты – «оқушыларды ақпараттық қоғам жағдайында тұрмыстық, қоғамдық және кәсіби салалардың іс-әрекетіне толық, тиімді араластыру» болып табылады.

XXI ғасыр оқыту үдерісіне компьютерлік технологияны пайдаланумен қатар елде болып жатқан саяси, экономикалық, әлеуметтік және басқа да заңды үрдістегі өзгерістер білім жүйесіне сол өзгерістер негізінде дамытуды талап етіп отыр. Атап айтқанда, виртуалды кеңістік, аутентті виртуалды интерактивті тілдік орта болып табылатын Интернетке ену аталған компетенцияны дамытудың тиімді құралы ретінде арастырылады.

Оқытудың ақпараттық технологиялары осы ақпараттық білім жүйесінің шегінде жүзеге асырылатын болғандықтан, осы білім технологиясына ақпараттық және бағдарламалық қолдаумен көрсететін құралдар бір ғана компьютермен, оған енгізілген бағдарламамен шектеліп қалмауы керек. Шын мәнінде бәрі керісінше, оқытудың ақпараттық технологияларының бағдарламалық құралдары және білім технологияларының өздері ақпараттық білім ортасына – ақпараттық білім жүйесінен бөлінген жүйешелер түрінде қосылады.

Сонымен бірге белгілі бір уақытта мәтіндік хабарламалар мен алмасуға, радиобағдарламаларды тыңдауға, бейнероликтер көруге, яғни ақпараттың кез келген түрін қолдануына толықтай мүмкіндіктері бар.

Ақпаратты қандай да арақашықтыққа тез арада жеткізу, алыстағы ақпарат көздерін пайдалану мүмкіндігі интерактивтік іздеу жүйелері мен өз бетімен іздеу, сондай – ақ алынған материалдарды түрлі тіл тасушыларға ауыстырып салу мен сол сияқты Интернеттің артықшылық көздері пайдаланылады.

Сабақ барысында светотехникалық және дыбысты техникалық құралдарды (бейне магнитофон, теледидар, проектор, мультимедиялық проектор, компьютер) пайдалану студенттердің өз тілінде сөйлейтін адамдардың тілін тыңдап, оны көзбен көре отыра ақпарат алуына көмегі тиеді. Бұл жағдай студенттердің сөйлеу деңгейін жақсартуына көмектеседі. Тыңдау арқылы олар өздерінің сөйлеудегі қателерін жөндей алады. Бұл «аудирование» терминінің өзі де шет тілін тыңдап, оны түсіну деген мағына. Аудио немесе бейне таспаларды тыңдағанда коммуникативті жаттығулар жасалу керек. Алынып отырған тапсырмалардың жеңіл-қиындығын ескере отыра, жаңа сөздер мен сөз тіркестерін пайдаланып, диалог және монолог құрастыру сияқты жаттығулар жасалуы қажет. Бейне фильмді көріп отырып, жаңа сөз немесе сөз тіркестері кездескенде тоқтап, сол сөздерді қайталап және әрбір көріністен кейін сұрақтар қойып отырған жөн.

Сабақтың қорытындысы ретінде тест сұрақтарын беріп, нәтижесін тексеріп, бағалау қажет.

Сонымен бірге, ғаламдық желінің ақпараттық ресурстарын қолдануда оларды оқу үдерісіне енгізіп, дидактикалық түсініктеме беру арқылы дидактикалық мәселелерді шешуге болады.

а/ күрделі материалды тікелей пайдаланып оқу дағдылары мен біліктерін қалыптастыруға;

ә/ желіден алынған материалдарды мәселелік талқылаудың негізінде монологтық және диалогтық айтылым білігін жетілдіруге;

б/ жеке түрде немесе жазбаша серіктеріне жауап жазу, реферат, шығарма және серіктердің бірлескен қызметінің нәтижесінде ойлау дағдысы мен жазу дағдысын жетілдіруге;

в/ актив пен пассив сөз қорын қоғамның саяси-әлеуметтік құрылысын, мәдениет дамуын білдіретін қазіргі шетел тілі лексикасымен толықтыруға;

г/ түрлі халықаралық қатынас жасау жағдайында тілдік үйретудің ерекшеліктерін, оқытылатын тіл елінің мәдениеті мен дәстүрлерінің ерекшеліктері қамтылған мәдени-танымдық біліммен танысуға;

Бұдан біз Интернеттің оқу бағдарламасына қатысты тәжірибелік сабақтың мазмұнына желі материалдарын қосу арқылы ендірілуде қолданылатын келесі мүмкіндіктерді атауға болады.

- оқытушының тәжірибелік сабақ өткізу үшін қандай да бір аутентті материалды таңдай алу мүмкіндігі;

- дыбыстық ақпаратты жазып алу мүмкіндігі;

- желіден алынған түрлі мәселелі ақпаратты ауызша талқылау арқылы пікірталас өткізу мүмкіндігі;

- тіл тасушыларының оқытылатын тіл халқының мәдениетінде оның қызмет ету ерекшеліктерін көрсететін идиомалар, мәтелдер, неологизмдер және т.б. тұратын нақты хабарламаларына лингвистикалық талдау жүргізу мүмкіндігі;

- тәжірибелік сабаққа қосу үшін электронды грамматикалық, лексикалық анықтамалардан, сөздіктерден, елтанымдық анықтамалардан алынған материалдарды пайдалану мүмкіндігі;

XXI ғасыр – озық технологиялар ғасыры. Сондықтан білім беру жүйесінде жаңа компьютерлік технологияларды тиімді пайдаланудың шетел тілін үйретуде маңызы зор.

Ақпараттық ортаны құруға негізделген білім берудің жаңа жүйесін қалыптастыру мен педагогикалық практикаға жаңа ақпараттық құралдарды енгізу білім жүйесін дамытудағы стратегиялық тапсырма болып саналады.

Қазіргі заманғы компьютерлік бағдарламалар мен Интернет желісінің оқыту тиімділігі өте жоғары. Дегенмен басты мәселе компьютерлік бағдарламамен қамтамасыз етілген білім ордасында оқытушының оларды пайдалану әдістемесін меңгеруі мен өз тәжірибесінде жүзеге асыра алуы.

Ақпараттық технологияны меңгерген педагогта интеллектуалдық, рухани азаматтық және басқа да көптеген адами келбеті қалыптасады. Ақпараттық технология құралдарын қолдау адамзаттың әртүрлі сферасында, соның ішінде білім беру саласында көптеген өзекті маңыздылыққа қол жеткізіп отырғаны белгілі.

Білім беру жүйесіндегі ақпараттық технологияның мүмкіндіктері:

Әр бір адамға білім алудың өзіне тиімді жолын таңдауға мүмкіндік беретін білім берудің ашық жүйесін орнықтыруға;

Білім алудың техникасын түбірімен өзгертуге;

Оқыту үрдісінде оқушылардың танымдық іс-әрекетін тиімді ұйымдастыру;

Электрондық білім беру пайдалану арқылы даралып оқытуға

Ақпараттық – коммуникациялық технологияларды пайдаланудың тиімділігі:

1. Мультимедиялық мүмкіндіктерді қолдау (музыкалық немесе дикторлық дайындау, анимация бейне- клиптер, слайд –шоу).

2. Жүйенің басқару құрылымы – оқытушы өз ойын, көзқарасын, өз кезегіндегі материалдық ұсынылымын, әртүрлі аудиторияға бір ғана оқу мәлеметтерін ұсынуға мүмкіндік алды .

3. Білімді бақылау арқылы нәтиже алу, бағалау.

Ақпараттық технологияны шетел тілі сабақтарында пайдалану нәтижесінде төмендегідей жетістіктерге қол жеткіземіз.

1. Сөзжұмбақ, кестелерді құру үшін дербес компьютерді қолдану арқылы грамматикалық және лексикалық оқу материалдарын өңдеу.

2. Ағылшын тіліндегі сөздерді сауатты жазу мен көркемдеп безендіруді үйретеді.

3. Дербес компьютерді пайдалану арқылы оқушылардың өзіндік және жұмыс жасауды игеру мен білім алуды кеңейту.

4. Интернет желісін пайдалану арқылы оқушылар электрондық пошта арқылы оқушылар хат-хабарлама алмасу, өзінің ойын еркін жеткізу.

Сонымен қатар оқушылар интеллектуалдық, шығармашылық және коммуникативтік істерін дамыта алады, оқушының оқу белсенділігі артады, сабақтың негізгі кезеңдерінің бәрінде оқушыларға шығармашылық жұмысты ұсынуға болады.

ТАРИХ ПӘНІН МЕКТЕПТЕ ОҚЫТУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Абай облысы Үржар ауданы Алтыншоқы ауылы
"Алтыншоқы орта мектеп-бақшасы" КММ
тарих пәнінің мұғалімі
Скаков Еркін Сайлаубекович

Тарихи үдерісті мектепте оқытудың түрі, тәсілі, құралдары ғылыми зерттеу тәсілдерінен өзгеше, алайда, жоғарғы сыныпта пайдаланылатын саналуан «зерттеу» тәсілдері жасөспірімдердің ғылыми зерттеу жұмысының алғашқы үлгілерімен танысуға мүмкіндік жасайды.

Егер тарих ғылымы тарих сабағының пәні ретіндегі мазмұнын анықтаса, педагогика ғылымы берілген тарихи білімдердің абстракциялану көлемі мен деңгейін айқындап берді. Сондықтан, тарихты оқытуда табысқа жету үшін сабақ беру іс-тәжірибесінде, нені және қалай оқыту керек деген проблеманы шешуде, әдістемелік зерттеулерде педагогиканың жетістіктерін ескеріп отыру керек.

Тарихты оқыту әдістемесі психологиямен де тығыз байланысты. Психология курсынан бізге оқушылардың танымдық қызметін ұйымдастырған кезде мұғалім нақты фактілерді талдай отырып, жалпылау және түсінік қалыптастыруға өтетіні белгілі. Бұл индуктивті әдіс деп аталады. Сонымен қоса, қазіргі заманғы психология балалардың тарихи материалмен мектептен тыс жерлерде де танысатынын ескертеді. Сондықтан, танымды ұйымдастыру дедукциялық әдіс, яғни, оқушыларды алдымен теориялық ережелермен таныстырып, соңынан барып фактілермен таныстыру арқылы да жүзеге асырылады. Сондай-ақ, оқушылардың танымында сезімдік және рационалдық қызметтерін ұйымдастыру қажет екендігін ескертеді, оқытудың көрнекілігін және оқушылардың белсенді ойлау қызметін талап етеді.

Тарихты мектепте оқытудың әдістемесінің міндеттері оның мазмұны мен педагогикалық ғылымдар жүйесіндегі орнына байланысты болады. Әдістеме мұғалімдерді тиімді тарихи білім беруге қажет оқытудың мазмұнымен және педагогикалық құралдармен, біліммен және іскерліктермен қаруландырады.

Мектепте тарихи білім берудің құрылымы мен мазмұнының проблемасы арасында факті мен теориялық тұжырымның арақатынасы, оқушы санасында тарихи түсінік және қоғамдық даму заңдарын түсінуді қалыптастыру, тарихи үдерістер мағынасын ашу маңызды орын алады.

Әдістеменің маңызды міндетінің бірі – оқушылардың ойлауын дамыту. Оқушылардың тарихи ойлауын дамыту, олардың ойлау тәуелсіздігін қалыптастыру міндеттері өздеріне сәйкес әдістер және оқу құралдарын қажет етеді.

Тарих курсына концентрациялық түрде адамзаттық өндірістік, әлеуметтік-саяси және адамгершілік тәжірибесі көрсетілген. Оқытудың әдістемесінің өзекті міндетінің бірі – тарихтың мектеп курсының тәрбиелік мүмкіндігін ашу, тарих сабақтарында тәрбиелеудің міндетін тиімді шешудің жолдарын анықтау. Сөйтіп, тарихты оқыту барысында тәрбие беру, білім беру, дамыту мақсаттарын біріктіре жүзеге асыру.

Тарихты оқыту әдістемесі оқушыларға жаңа материалды меңгеру кезінде өздерінің бұрын алған білімдерін неғұрлым толық пайдалануға мүмкіндік беретін жолдарды іздестіреді, сондықтан, әр тақырып беретін білімнің өзектілігін іздестіру барысында курсшілік және пәнаралық байланыстарды жүзеге асыру проблемасы пайда болады.

Әдістеме мектеп тәжірибесін зерттеуге негізделеді. Әдістемелік зерттеулер бақылау және тәжірибе кою тәсілдері арқылы жүзеге асырылады.

Бірінші жағдайда зерттеуші оқыту үдерісіне ықпал етпейді, керісінше тарихты оқыту іс-тәжірибесіндегі жетістіктер мен кемшіліктер туралы білім жинақтайды. Оқыту іс-тәжірибесін талдау мынадай бөліктерден құралады:

Педагогикалық басылымдарда жарық көрген іс-тәжірибелерді оқып-зерттеу;

Оқыту нәтижелерін көрсететін құжаттарды, мұғалімдер баяндамасы, мәлімдемелері, оқушылардың жазба жұмыстары, сабақ конспектілері мен оны талдау хаттамаларын және анкеталарды оқып-зерттеу; Оқыту барысын тікелей бақылау (сабаққа қатысу, мақсат, мазмұн, оқытуды ұйымдастыруды және басқаларын анықтау).

Тарихты оқытудың педагогикалық іс-тәжірибесін талдау әдістемелік зерттеуге материал береді.

Тәжірибе қоя отырып зерттеу кезінде тәжірибені жасаушы арнайы, белгілі-бір мақсатты көздеп оқыту үдерісіне кіріседі және зерттеу мақсатына орай оқу үдерісін қайта құрады, оның мазмұнына, құралдарына, оқыту тәсілдеріне жаңа өзгерістер енгізеді. Алайда, оқытудың үдерісінің кез-келген өзгертілуі барысында оның жалпы заңдылықтары әрқашан есте болуы тиіс.

Жалпы тарихи және әлеуметтік түсініктер жүйесін меңгеру оқушыларды тарихи даму заңдылықтарын түсінуге алып келеді. Тарихи даму заңдылығын ашу дегеніміз – тарихи құбылыстар мен процесстер арасындағы объективті, ішкі, маңызды, үнемі қайталанып отыратын байланыстырды анықтау деген сөз. Бұл байланыстарды анықтау үшін оқушы фактылық білімнің үлкен қорын меңгеруі керек. Сондықтан, тарихи даму заңдылықтарын түсінуді қалыптастыру ұзақ та күрделі болып келеді.

Тарихи үдерістің заңдылығын меңгеру үшін тарихи құбылыстардың арасындағы белгілі-бір байланыстар тобын анықтай алу керек. Оның алғашқысы – себеп-салдарлық байланыстар. Оны саналы түрде меңгеру үшін байланысқа түсуші әрбір түсінік пен құбылыс туралы және олардың байланысының себебі мен салдары, яғни нәтижесі туралы толық білім оқушы санасынан орын алуы тиіс.

Мысалы, мемлекеттің пайда болуын түсіндіре отырып мұғалім өзара байланысты образды фактілердің тізбегін құрайды. Яғни, еңбек құралының жетілуі, еңбек өнімділігінің артуы, артық өнімнің және бір адамның екінші адамды қанауының мүмкіндігінің, қарама-қарсы таптардың, мемлекеттің пайда болуы. Осы тақырыпқа байланысты кесте мектеп оқулығында бар, бірақ соның аппликациялық түрін сабақ үстінде оқушылардың көзалдында біртіндеп құру маңызды.

Мұғалім түсіндіруін тыңдап және көрнекі образдарды көре отырып, олар заңдылық тізбесінің әрбір бөлігінің кезектілігін тереңірек түсетін болады. Ең алғаш рет бұл схема Ежелгі Египет тарихы материалын меңгеру кезінде түсіндіріледі. Дәл осы тізбе Қосөзен және Грекия мемлекеттерінің пайда болуын түсіндірген кезде де пайдаланылады. Оқушылар бұл тізбені өзбеттерінше құрастыра бастаған кезде мұғалім тапсырманы күрделілендіреді. Индия мен Қытайдағы мемлекеттердің пайда болуын қарастыру кезінде (оқу жылының соңы, оқушылар нақты фактілік материалдың үлкен қорын жинақтаған, кесте тізбесінің кезектілігін меңгерген кез) мұғалім тізбе байланыстарының алғашқы және соңғы нүктелерін ғана көрсетеді де, қарастырылатын елдің нақты материалының негізінде еңбек құралының жетілуі мен мемлекеттің пайда болуы тізбесін оқушылардың өздерінің толық құрастыруын талап етеді.

Байланыстардың екінші тобы – аймақтық байланыстар. Мысалы, ежелгі дүние мемлекеттеріндегі табиғат жағдайы мен шаруашылық түрлері арасындағы байланыстар, адамзат қоғамының белгілі-бір бағытта дамуына оның географиялық жағдайының ықпалы және т.б. Тарихпен таныса отырып, оқушылар қоғам өміріне табиғат жағдайлары бірқатар ықпал етеді; ежелгі заманда адам табиғатқа тәуелді болады; табиғатты толық меңгергеннен кейін адам оны қорғай бастады деген қорытындыларға келеді. Жоғарғы сыныптарда экологиялық мәселелерге үлкен көңіл бөліне бастайды.

Байланыстардың үшінші тобы – мерзімдік байланыстар, яғни, белгілі-бір кезең ішінде болған оқиғалар мен құбылыстардың реттілігі мен бірмерзімділігін анықтау. Мысалы, феодалдық қоғамның дамуының белгілі-бір кезінде феодалдық бытыраңқылықтың пайда болуы мен орталықтандырылған мемлекеттердің қалыптасуы ортағасырлық мемлекеттерде ғана жүзеге асып отырды.

Заңдылық – көптеген заңдардың қызметінің нәтижесі. Сондықтан, оқушыларға заңдылық түсінігін айтпас бұрын, оларды «заң» түсінігімен таныстырған жөн. Бұл үшін жоғарғы сынып оқушыларын «қоғамдық даму заңдылығы» түсінігімен таныстырамыз.

«Қоғамдық даму заңдылығы» түсінігі – білім қалыптастырудың барлық жүйесіндегі әрі маңызды, әрі өте күрделі кезең. Алдымен заңның белгілерін атап шығып, осыдан соң оларды түсіндеру қажет. Заң дегеніміз, объективті түрде құбылыстардың арасындағы олардың мағынасын көрсететін жалпыға бірдей, тұрақты байланыс. Оқушылар төменгі сыныптан бастап «Қандай ортақ белгісі бар?» деген сұраққа жауап бере бастайды. Заң туралы білім нақты тарихи материал, түсініктер жүйесі және теориялық тұжырымдау кезінде қалыптасады. Қоғамдық дамудың заңдылықтарын түсінуді қалыптастыру тарихи білім жүйесін толық меңгеру негізінде жүзеге асырылады. Фактілер жүйесін меңгерген оқушы оларды бір-бірімен салыстыра отырып, белгілі-бір құбылыстардың белгілі-бір дәуірде болмай қоймайтындығына көз жеткізеді.

Оқушылар тарихи материалды меңгергеннен кейін ғана жалпылаушы қорытындылар жасай алады. Оқушыларды оқиғаның басты және қосалқы себептерін анықтауға, себеп пен түрткіні, себеп пен қажетті тарихи алғышарттарды өзара ажырата алуға үйрету қажет. Бұл әрине, 6 сыныптан басталады. Сабақта үнемі «Неге?» деген сұрақ қойылып, қарастырылатын барлық оқиғаның болу себебіне үнемі назар аударып отыру қажет. Ол оқушының ойын оятып, құбылыстың байланысын көруге, тарихи заңдылықты анықтай алуға үйрететін жаттығу болып табылады. Жоғарғы сыныпта жұмыс күрделіленеді, назар себеп-салдарлық және заңдылықтық байланыстардың арақатынасына аударылады.

Заңдылықтарды қалыптастыру оқушылардың белгілі-бір интеллектуалдық іскерліктерді білуін қажет етеді (мысалы, жалпылау және абстракциялау). Сондықтан, оқушылардың тарихи заңдылықтарды түсіну қабілетін көтеру үшін олардың жалпы ойлау қабілетін дамыту да қоса-қабат жүргізілу қажет. Ол әртүрлі әдіс-тәсілдер көмегімен жүзеге асады. Соның біреуі – салыстыру әдісі. Салыстыру барысында құбылыстар мен үдерістердің (процесс) жалпы белгілері мен ерекшеліктері, олардың даму идеясының өзі анықталады. Салыстыруға үйрету міндетті түрде төменгі сыныптардан бастап, жоғары сыныптарға қарай бірте-бірте күрделілене береді. Алғашқы кезде оқушылар құбылыстардың тек ортақ белгілерін, немесе айырмашылықтарын ғана іздеп табады, ал салыстыру үшін оларға тарихи құбылыстардың аз ғана белгілері беріледі. Бірте-бірте ұқсастықтары мен айырмашылықтары бір мерзімде табылуы тиіс нысандардың саны көбейе береді, ал салыстыру неғұрлым абстрактылы түрде жүргізіледі.

Тарихты тану үдерісі фактіні меңгеруден басталады. Тарихи фактінің ерекшелігі – оның қайталанбайтындығында, оны бақылаудың мүмкін еместігінде. Сондықтан, қандай да болмасын тарихи факт туралы оқушының түсінігін қалыптастыру үшін оқушының қазіргі замандағы заттар мен құбылыстар туралы білімімен байланыстыру қажет. Мысалы, Фарос маягының әлемнің 7 кереметінің бірі екендігін түсіну үшін оқушының бәрінен бұрын қазіргі заманғы маяктар туралы түсінігі болуы керек (оның үлкендігі, неден жасалғандығы, не үшін жасалғандығы және т.б.). Бірақ, жекелеген фактіні білуі – оқушының тарихты меңгергендігін көрсетпейді. Өзара байланысы жоқ фактілердің қарапайым тізбегі тарихи материалды саналы түрде меңгеруді мүмкін ете алмайды. Сондықтан, тарихты оқыту үдерісінде фактілер өткен өмірде болған маңызды байланыстар мен өмір заңдылықтарын меңгеру үшін, өзара салыстыру үшін қажет. Тарихи фактілер өте көп. Тарихты оқыту үдерісін ұтымды жүргізу үшін, оларды дұрыс топтастыра алу қажет.

Тарихи фактілер екі сипатта болуы мүмкін:

* Біріншіден, бұл тарихта бір ғана рет, белгілі-бір жағдайларда ғана, тек белгілі бір адамдар ғана қатысқан, мерзім мен кеңістік ішінде қатаң шоғырланған жекелеген оқиғаларды көрсететін фактілер. Олар қайталанбайды. Мысалы, Мұз қырғыны – бұл жеке тарихи оқиға. Ол Чуд көлінде 1242 жылдың 5 сәуірінде болды. Онда А.Невскийдің әскері мен немістің «төбат-рыцарьлары» қатысты. Ресейдегі крепостнойлық құқықтың жойылуы да жеке оқиға. Ол Ресейде 1861 жылдың 19 ақпанында болды. Оны жоғарыдан жасалып, шаруалардың өте үлкен наразылығын туындатты.

Екіншіден, белгілі бір тұтас тарихи кезең мен дәуірге тән, олардың сипатты белгісін көрсететін тарихи құбылыстар да болуы мүмкін. Мысалы, барщина мен оброк – феодалдық құрылыс кезіндегі шаруалардың атқарған міндеттіліктері. Бұл фактілерді меңгерген кезде оны француз шаруасының, ағылшын шаруасының немесе орыс шаруасының атқарғанын білу маңызды емес, барщина мен оброкты басқа тарихи құбылыстардан ерекшелеп тұрған сипатын білу маңызды. Мұндай фактіні біз тарихи құбылыстар қатарына жатқызамыз. Басқа мысал: өндірістік төңкеріс – бұл қол еңбегінің машина еңбегімен алмастырылып, фабрикалық өндіріске өту және бұрын тарихта болмаған таптардың пайда болу үдерісі. Бұл үдеріс әлемнің әртүрлі бұрышындағы саналуан елдерде де болуы мүмкін. Аталған үдерістің болуы үшін капиталистік қарым-қатынас дамуы керек. Сондықтан, бұл тарихи факт - тарихи құбылыс.

Тек әртүрлі сипаттағы фактілерді өзара ұштастыра отырып, тарихи оқиғаның нақты образын жасап шығаруға болады.

**Қызылорда облысы Жаңақорған ауданы Төменарық ауылы
"№ 223 жалпы орта мектебі" КММ
Математика пәнінің мұғалімі
Жакипова Құлзада Мырзахановна**

Қысқа мерзімді жоспар

Бекітемін:

Бөлім:	Ондық бөлшектер және оларға амалдар қолдану
Педагогтың аты-жөні:	Жакипова К
Пәні:	Математика
Күні:	26.02.2024ж
Сыныбы:	5 «а» Қатысушылар саны: 21 Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы:	Ондық бөлшектерді 10; 100; 1000;... және 0,1; 0,01; 0,001;... сандарына көбейту және бөлу
Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты	5.1.2.29 ондық бөлшектерді 10, 100, 1000 және 0,1; 0,01; 0,001 көбейту ережелерін қолдану; 5.1.2.31 ондық бөлшектерді 10, 100, 1000 және 0,1; 0,01; 0,001 – бөлу ережелерін қолдану;
Сабақтың мақсаты:	Ондық бөлшектерді 10,100, 1000... және 0,1, 0,01, 0,001... сандарына көбейту және бөлу ережелерін біледі. Ондық бөлшектердегі үтірді жылжыту ережелерін қолданып есептер шығарады.
Құндылықтарға баулу:	«Ар-ұят» құндылығына: Топпен, жұппен жұмыс орындау барысында сыныптасын құрметтеуге, серіктестік және жеке жұмыс орындау кезінде жауапкершілікті сезіну, шешім қабылдай білу. Достарына, сыныптастарына мейірімділік таныту құндылықтарын дарыту.

Сабақтың барысы:

Сабақ кезеңі/ Уақыт ы	Педагогтің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы 5 мин.	I. Ұйымдастыру кезеңі: 1. Оқушылармен амандасу, түгендеу. 2. Сыныпта психологиялық жағымды ахуал туғызу 3. Сабақтың тақырыбымен таныстыру	Бүгінгі көңіл күйлерін білдіру		Слайд 1
5 мин	Сабақтың мақсатымен танысу 4. Бағалау жүйесін түсіндіру 5. Үй тапсырмасын тексеру №729 есеп, дұрыс жауап арқылы тексеру 6. Топқа болу	Дұрыс жауап арқылы тексеру Қима қағаздар	Бағалау домбыра арқылы жүргізіледі Дұрыс жауап 1 ұпай Өзін –өзі бағалау	Слайд 2 Слайд 3 Домбыра Қима қағаздар

	Тақырыпқа байланысты I топ «Ондық бөлшектер» тобы II топ «Жай бөлшектер» тобы III топ «Аралас сандар» тобы IV топ «Натурал сандар» тобы Қима қағаздар арқылы топқа бөлу Қағаздағы тапсырманы орындау	арқылы 4 топқа бірігеді Қима қағаздағы тапсырмаларды орындайды	Дұрыс жауап 1 ұпай бірін –бірі бағалау Дескриптор: Ондық бөлшектерді көбейтуді (бөлуді) орындайды. 1 ұпай Жалпы 1 ұпай	Слайд 3 Қима қағаздар
Сабақтың ортасы 7 мин	II. Өткенді бекіту және жүйелеу 1.Жұптық жұмыс «Майшам жағу» әдісі	Оқушылар жұптаса отырып ондық бөлшектерді көбейту бөлу амалдарын орындайды	Дескриптор: Ондық бөлшектерді көбейтуді (бөлуді) орындайды. 2 ұпай Жалпы 2 ұпай Жұптар бірін-бірі бағалау	Май шамдар
15 мин	2.Топтық жұмыс «Сандар сөйлейді» әдісі Қима қағаз арқылы тапсырма беру I топ $17,4:0,01+101000*0,001=1841$ $1,9432*1000-0,0542:0,001=1889$ II топ $2,285*1000-4,62:0,01=1823$ $795,3*0,1+18,1647:0,01=1896$ III топ $12,79:0,01-0,409*1000=870$ $4500*0,001+94,55:0,1=950$ IV топ $17,52:0,01+153000*0,001=1905$ $31,595*100-1,1785:0,001=1981$	Оқушылар топта ақылдаса отырып тапсырманы орындайды. Оқушылар тапсырманы орындау арқылы елімізде әр кезеңде өмір сүрген ғалымдар мен музыканттар туралы мағлұматтар біледі. Тақтаға тапсырманы жазады.	Топтар арасында ауызша топаралық бағалау жүреді. Дескриптор: 1.Ондық бөлшектерді 10,100,1000..және 0,1, 0,01, 0,001 сандарына көбейту және бөлу ережелерін дұрыс қолданады. 2.Ондық бөлшектерді азайту мен қосуды орындады.	Слайд 4 Ғалымдардың суреті. Қима қағаздар
8 мин	3. Жеке жұмыс «Жұмыртқа ашу» әдісі Тапсырмалар Сары жұмыртқа 1) $4,5м=450см$ 2) $8225кг=8,225т$ 3) $547,08*0,01-3,002=2,4688$ Қызыл жұмыртқа 1) $0,183м=1,83дм$ 2) $250кг=2,5ц$		Дұрыс жауап арқылы өзін-өзі бағалау Дескриптор:	Слайд 5 Қима қағаздар Жұмыртқалар

	3) $2,8+60:10=8,8$ Жасыл жұмыртқа 1) $5,2\text{км}=5200\text{м}$ 2) $2,3\text{т}=2300\text{кг}$ 3) $9,1+559,2*0,001=9,6592$ Көк жұмыртқа 1) $98,2\text{см}=9,82\text{дм}$ 2) $35,7\text{кг}=35700\text{г}$ 3) $0,2801:0,001-7,05=273,05$ Қоңыр жұмыртқа 1) $25,03\text{см}=250,3\text{мм}$ 2) $1255,6\text{г}=1,2556\text{кг}$ 3) $45,2+0,0052:0,00001=565,2$	Оқушылар жұмыртқаны ашып тапсырманы орындайды. Ондық бөлшектерге амалдар қолданады.	1. Бір өлшемді екінші өлшемге ауыстырады. 2. Ондық бөлшектерді үтір жылжыту ережесін қолданып көбейтеді (бөледі). 3. Ондық бөлшектерді қосуды (азайтуды) орындайды. Жалпы 6 ұпай Әр дұрыс есепке 2 ұпайдан алады.	
Сабақтың соңы Рефлексия 5 мин.	«Еркін микрофон» әдісі Не үйрендім? Не білдім? Не қызықты болды? Мұғалім сабақты қорытындылау мақсатында оқушылардан сабаққа деген көзқарасын, рефлексиясын тыңдайды. Мақсаты: Оқушы алған білімін саралай білуге дағдыланады. Тиімділігі: Тақырып бойынша оқушылардың пікірін анықтайды. Жинақталған деректердің құнды болуын қадағалайды. Үйге тапсырма: №730	Еркін микрофон арқылы оқушылар бүгінгі сабақтың мақсатына жеткізетін тапсырмалар орындауына қарай, өз пікірін, өз ойын, сабақтан алған әсерін айту арқылы сабаққа қорытынды жасайды.	Жалпы ұпай саны арқылы оқушылар бағаланады.	Слайд 5

МАЗМҰНЫ

- *КАЗТУРГАНОВА БАЙРАМГҰЛ БАЙМУРАТОВНА*
- *ИБНАМИНОВА ЖУМАГҰЛ КАРАМАТДИНОВНА*
- *АКМУРАДОВА ЗИБА ЯШУЗАКОВНА*
- *ҚАЛЖАНОВА ЭЛЬМИРА ҚУДАЙБЕРГЕНОВНА*
- *КОЗБУГАРОВА АЛТЫНАЙ ЮСУПОВНА*
- *ЖАКИПОВА РАХАТАЙ АСИЛБЕКОВНА*
- *АБУОВА АҚЗИЯШ АДІЛХАНОВНА*
- *ЯКУДАЕВА КУЛСИН КЕНЕСОВНА*
- *ҚАЛБАЕВА АЙГУЛЬ АЛИШЕРОВНА*
- *БЕКМАНОВА АЙГУЛ САЙЛАУОВНА*
- *ҚУАНТАЙ ЖАНСАЯ ЕРЖАНҚЫЗЫ*
- *КАЛИЕВА Б.А. ТӨЛЕГЕН АЛИНҰР*
- *НУРБАЕВА ЖАНАР НАГАШИБЕКОВНА*
- *НУРБАЕВА ЖАНАР НАГАШИБЕКОВНА*
- *РАХЫМБЕКОВА ЖАНАР САПАРКУЛОВНА*
- *ДЖАНЫСБАЕВА ВЕНЕРА АБДРАХМАНОВНА*
- *ТАШЕНОВА ТОЛГАНАЙ ГАЛЫМЖАНОВНА*
- *СУЛЕЙМЕНОВА ГҮЛНАЗ БОЛАТЖАНОВНА*
- *СКАКОВ ЕРКІН САЙЛАУБЕКОВИЧ*
- *ЖАКИПОВА КУЛЗАДА МЫРЗАХАНОВНА*